

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Басқару институты**

қолжазба құқығында

**Бахтиярова Саида Батырбекқызы**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП  
АЛУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ**

«7M041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша  
«7M04107 - Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші \_\_\_\_\_ Карыбаев А.К., э.ғ.к.

Жоба қорғауға жіберілді: «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2022 ж.

Басқару институтының директоры: \_\_\_\_\_ Акижанов К.Б., PhD, профессор

**Нұр-Сұлтан, 2022**

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>4</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>5</b>
<b>ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ.....</b>	<b>8</b>
<b>ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ.....</b>	<b>18</b>
<b>ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ.....</b>	<b>20</b>
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>52</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>54</b>

## Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі: Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығы.

«Мемлекеттік сатып алу саласында өз қызметін жүзеге асыратын жұмыскерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 697 бұйрығы.

## Белгілеулер мен қысқартулар

АҚ	–	Акционерлік қоғам
АҚШ	–	Америка Құрама Штаттары
БҰҰ	–	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЖІӨ	–	Жалпы ішкі өнім
ЖОО	–	Жоғары оқу орны
ҚР	–	Қазақстан Республикасы
ҚХР	–	Қытай Халық Республикасы
ТЖҚ	–	Тауар, жұмыс, қызмет
ЭЫДҰ	–	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
CFLP	–	China Federation Logistics and procurement
CIPS	–	Chartered Institute of Procurement and Supply
ЕО	–	Еуропалық Одақ
FAR	–	Federal Acquisition Regulations
ILO	–	International Labour Organization
NIGP	–	Institute for Public Procurement

## Кіріспе

**Өзектілік.** Сатып алу - бұл күрделі процесс және ондағы әрбір әрекет адамдар арқылы орындалады. Мәміленің нәтижесі мен қорытындысы әр қадамның қаншалықты үйлесімді, нақты және дұрыс орындалғанына байланысты. Бірақ бұл жерде үлкен бір мәселе бар, мемлекеттік сатып алу саласында жұмыс істейтін барлық мамандар кәсіби білімге, дағдылар мен біліктілікке ие емес. Кез-келген саланың тиімді қызмет етуі мен жетіліп отыруы ең алдымен оның қаланған іргетасы, яғни білікті кадрларды дайындаумен басталуы тиіс.

Соңғы онжылдықта мемлекеттік сатып алу түсінігі талаптарды сақтауға негізделген әкімшілік міндеттен көптеген мүдделі тараптардың, соның ішінде қоғамның белсенді қатысуын қамтитын стратегиялық және нәтижеге бағытталған функцияға ауысты. Бұл тиімділікке, бақылау мен есептіліктің күшеюіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді тетіктерге, сатып алудың инновациялық тәсілдеріне, үлкен деректерді талдау мен жасанды интеллектке, сонымен қатар қоғамдық бақылауға назар аудара отырып, мемлекеттік сатып алу жүйесінің жаңа буынының пайда болуына әкелді.

Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу жүйесі – мемлекеттік басқарудың басқарушылық функцияларына қарағанда стратегиялық басқаруда маңызды мәнге ие және мемлекеттік секторда қызмет көрсетудің елеулі, негіз қалаушы құрамдас бөлігі болып табылады. Мемлекеттік бюджеттің мемлекеттік сатып алудағы үлесін ескере отырып, оның тиімді әрі тиісті деңгейде жұмсалыуын, оларды басқарудың тиісті деңгейін қамтамасыз етуді басты назарға алатын болсақ, халық пен азаматтардың мемлекеттік сектордың қызметі мен мемлекетке деген сенімі артуы тиіс.

Қазақстанның мемлекеттік сатып алу жүйесі заңнамалық деңгейде елеулі өзгерістерге ұшырауда. Бір жағынан, бұл үкіметтің жүйені жаңғыртуға деген тұрақты ұмтылысын көрсетеді, екінші жағынан, жаңа заңнамалық талаптарға бейімделуге тура келетін сатып алу органдары мен жеткізуші тараптар үшін қиындықтар туғызады. Жиі және елеулі өзгерістер енген заңды жүзеге асырудағы негізгі мәселе білікті кадрлардың жетіспеушілігі болып табылады. Қазіргі уақытта сатып алу қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша іс-шаралар ұйымдастырылмайды деп айтуға болады. Мұны сатып алу саласындағы әрбір маман растайды. Заңға енгізілген кез келген өзгерістерден кейін тапсырыс берушілерде де, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді (ТЖК) жеткізушілерде де күнделікті кездесетін көптеген практикалық мәселелер мен сұрақтар туындайды. Әрбір енгізілген өзгерістерден кейін түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отыру, барлық жаңашылдықтарды үнемі бақылауда ұстау, мамандардың кәсіби білімі мен біліктілігін арттырып отыру басты назарда болуы тиіс.

Нарықтық жағдаяттарға назар аудармау сатып алу институтының тиімділігін арттыруға кедергі келтіреді. Мемлекеттік сатып алуды басқару

жүйесін жетілдіруге әсер ететін негізгі факторлардың бірі, яғни жүйенің қызмет етуін қамтамасыз ететін қозғаушы күш кәсіби білікті мамандардың болуы.

Шындығында, Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу жүйесінің орталықтандырылмаған сипаты бірыңғай ұйымдастырушылар арқылы жүзеге асырылмайтын сатып алуды, әсіресе аумақтық атқарушы билік органдарында көбінесе сатып алу маманы болып табылмайтын қызметкерлер жүргізетінін білдіреді. Шағын және орта мемлекеттік мекемелерде қызметкерлер мұны негізгі жұмысына қосымша жүктемемен жасайды.

Дегенмен, жүйені оңтайландырумен байланысты мүмкіндіктер оның әлеуетін толық іске асыруға және сатып алу бюджетін тиімдірек пайдалануды қамтамасыз етуге көмектесері сөзсіз.

2022 жылдың 21 қаңтардағы отандық ірі бизнес өкілдерімен кездесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев маңызды мәселелердің бірі – мемлекеттік сатып алуды реформалау деп атап көрсетті. Сонымен қатар мемлекет басшысы мемлекеттік сатып алулардың өте үлкен экономикалық ресурс екенін және бұл салада бәсекесіз жолмен алу, сыбайластық, жасырын өткізу және бағаны жоғары қою мәселелерімен байланысты үлкен проблемалардың бар екенін назарға салды [1].

Мемлекеттік сатып алу жүйесін басқаруды жетілдіру үшін мамандарды қайта даярлау, оқыту, кәсібилендіру, біліктілігін арттыру қажеттілігі **зерттеу жұмысының өзектілігі** болып табылады.

**Жобаның мақсаты** мемлекеттік сатып алу мамандарын оқыту, біліктілігі мен құзыреттілігін арттыру бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Көзделген мақсатқа жету үшін келесідей **міндеттер қойылды:**

- мемлекеттік сатып алу жүйесін басқаруды зерделеу;
  - мемлекеттік сатып алу мамандарын оқытудың шет елдік тәжірибесіне шолу жасау;
  - мемлекеттік сатып алу мамандарының кадрлық әлеуетіне талдау жасау;
  - мемлекеттік сатып алу кезеңдеріндегі қауіп-қатерлерді анықтау;
  - мемлекеттік сатып алу мамандарын оқыту бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- Мемлекеттік сатып алуды кәсібилендіру жүйесі **зерттеудің объектісі** болып табылады.

Мемлекеттік сатып алу мамандарын қайта даярлау, оқыту, біліктілігі мен құзыреттілігін арттыру процестері **зерттеудің пәні** болып табылады.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы** мемлекеттік сатып алу мамандарын оқыту, біліктілігі мен құзыреттілігін арттыру бойынша ұсынылған ұсынымдар мемлекеттік сатып алу жүйесін басқаруды жетілдіру мақсатында мемлекеттік органдармен қолдану мүмкіндігін береді.

Зерттеу нәтижелері мемлекеттік сатып алу мамандарының кәсіби құзыреттілігін арттыру, мемлекеттік сатып алу жүйесін басқару қызметін жетілдіру, оңтайландыру мақсатында қолдануға мүмкіндік береді.

**Зерттеу сұрағы** – мемлекеттік сатып алу жүйесін басқаруды жетілдіру үшін кадрларды қалай даярлау керекпіз?

**Болжам.** Мамандарды даярлау әдістері мемлекеттік сатып алу жүйесін басқаруды жетілдіруге, сапалы және тиімді сатып алуларды өткізуге ықпал етеді.

Ұсынылған практикалық ұсыныстарды жүйелі түрде қолдану мемлекеттік сатып алу мамандарының кәсіби білімі мен біліктілігін, құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

**Зерттеу әдістері.** Магистрлік жобаны жазу барысында әртүрлі зерттеу әдістері қолданылды, олар: анализ және синтез, салыстырмалы талдау, сауалнама, SWOT-талдау, контент талдау, статистикалық мәліметтерді талдау, саланы реттейтін нормативті-құқықтық актілерді зерделеу әдістері.

**Басылым.** Магистрлік жоба аясында «Молодой ученый» Халықаралық ғылыми журналының 2021 жылдың тамыз айындағы №34 санында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу саласындағы мамандарды даярлау» атты ғылыми мақала шықты.

## Әдебиетке шолу

Сатып алу қызметі белгілі бір тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді қажетті мөлшерде және оңтайлы бағамен сатып алуға мүмкіндік береді. Сатып алу кез-келген ұйым үшін маңызды процесс болып табылады, өйткені осының арқасында қаржы мен күш шығындарын азайтып, осы ұйымға қажет нәрсенің бәрін уақытында алуға болады.

Мемлекеттік сатып алу - бұл мемлекеттік мекемелердің өз функцияларын атқаруды қамтамасыз ету және мемлекеттік функцияларды орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін мемлекет республикалық және жергілікті бюджеттен жүзеге асыратын сатып алу. Олар үлкен рөл атқарады және еліміздің экономикасын басқарудың пәрменді құралы болып табылады. Бұл жүйенің негізгі мақсаты бюджетті үнемдеу болып табылады [2].

Мемлекеттік қажеттіліктер - бұл барлық мемлекеттік органдардың әртүрлі тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге қажеттіліктері [3].

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын тауарларға, қызметтерге және жұмыстарға қажеттіліктері "жергілікті қажеттіліктер" деп аталады [3].

Нарықтық экономикаға келетін болсақ, мұнда мемлекеттік қажеттіліктер мемлекеттік кәсіпорындардан да, экономиканың жеке секторынан да қажетті тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу арқылы қанағаттандырылады.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталы - электрондық мемлекеттік сатып алудың электрондық қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын мемлекеттік ақпараттық жүйе [2].

Тапсырыс берушілер - мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) 50 және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және Мемлекеттік сатып алу заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тауар, жұмыс, қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын онымен үлестес заңды тұлғалар [2].

Мемлекеттік тапсырыс беруші - бұл мемлекеттік орган немесе жергілікті өзін-өзі басқару органы, ол өнімге мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады, қоғамның игілігі үшін мемлекеттің қажеттіліктерін, яғни тауар, жұмыс, қызметтерді сатып алуға қаражат алады, сонымен қатар ТЖҚ-ға тапсырыс жасайды және оны еркін нарыққа орналастырады [2].

Тапсырыс берушінің функцияларын, егер осы өкілеттіктерді оған бюджет қаражатына мемлекеттік билік етуші болып табылатын құрылтайшы берген жағдайда, мемлекеттік дербес мекемелер орындай алады [4].

Мемлекеттік тапсырыс беруші функциялардың бір бөлігін уәкілетті органға (мекемеге) немесе мамандандырылған ұйымға бере алады [4].

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы заңды тұлға не оны құрған заңды тұлғаның атынан әрекет ететін, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше [2].



Алайда, мемлекеттік тапсырыс беруші мен конкурсты ұйымдастырушы екеуі екі түрлі ұғымдар. Мемлекеттік тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуларды дербес ұйымдастыруға және өткізуге, сондай-ақ осы өкілеттіктерді атқарушы билік органдарына, ведомстволық бағынысты ұйымдарға немесе құрылымдық бөлімдерге беруге құқылы [2].

Өнім беруші - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, онымен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шартта тапсырыс берушінің контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі [2].

### **Мемлекеттік сатып алу жүйесін басқару**

Кез-келген мемлекеттің басымдыққа ие мақсаттарының қатарынан мемлекет қаражатын жұмсауды оңтайландыру және мемлекеттік сатып алу арқылы тиімді әрі үнемді жұмсау орын алып отыр. Себебі, мемлекет нарықтықтағы экономикалық белсенді ойыншы болып табылады. Белгілі болғандай, жалпы экономикалық қызметтің маңызды бөлігін мемлекеттік сатып алу құрайды және мемлекет нарықтық экономиканың кез-келген өкілі тәрізді өз қызметін жүзеге асыру үшін тауарларға, қызметтерге және жұмыстарға мұқтаж. Мәселен, орташа дамыған елдерде мемлекеттік сатып алу бойынша келісім-шарттардың жалпы құны ЖІӨ-нің 10%-дан 25%-ға дейін құрайды [5, 25 бет].

Әлемде мемлекеттік сатып алу жүйесінің үздік моделін құруға әмбебап тәсіл жоқ. Осыған жақындау үшін әлемдегі сатып алу жүйелерін ұйымдастырудың құқықтық ғана емес, стратегиялық тәжірибелерін де зерттеу керек.

Н. Димитри, Г. Пига және Дж. Спаньоло мемлекеттік сатып алуды сәтті ұйымдастыру үшін стратегиялық және құқықтық мәселелерді алдыңғы қатарға шығару қажет екенін атап өтті. Олар сондай-ақ мемлекеттік сатып алудың жетілуінің практикалық тұрғыдан қарағанда заң жүзінде тезірек дамығанын назарға салды және осының негізінде стратегиялық мәселелерді жетілдіру құқықтық қолдауға қарағанда маңыздырақ деп санайды [6].

Мемлекеттік сатып алу саласын зерттеген көптеген зерттеушілер мемлекеттік сатып алу саласында орнықты қалыптасқан бірыңғай терминология жоқ деп көрсетеді, тек сатып алу сипаты бір-біріне ұқсас елдер мен аймақтар сипаттау үшін ұқсас терминдерді қолданады.

К.Кузнецовтың айтуынша мемлекеттік сатып алу үшін тұжырымдамалық аппаратты құру бойынша кейбір зерттеушілермен жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті [7].

Н. Димитридің, Г. Пига мен Дж. Спаньоло зерттеуіне сәйкес, терминдер көп жағдайда бәсекелестік тәсілмен сатып алулардың процедураларына байланысты қолданыс аймағында байқалады. Мысалы, сауда-саттықтың сатып алу саласындағы мәні бағаны төмендету, яғни аукцион немесе жабық бәсекелестік сауда-саттық, яғни конкурс болуы мүмкін [5, 695 бет]. Отандық заңнамада жабық сауда-саттық дегеніміз – бұл нарықтың барлық қатысушылары шақырылмайтын, тек арнайы шақыру жіберілген сауда-саттық, ал шетелде жабық сауда-саттық деп жеткізушілер жабық түрде – конверттерде өтініш беретін бәсекелестік рәсімдер деп аталады. Осылайша, жабық бәсекелестік сауда-саттық Қазақстанда ашық

конкурс болып табылады, ал Қазақстан заңнамасында "тендер" ұғымы мүлдем қарастырылмаған.

Мемлекеттік сатып алу жүйесін басқару сатып алу жүйесін ұйымдастырудың құқықтық және стратегиялық мәселелерін қамтиды. Қ.Кузнецов мемлекеттік сатып алудың жүйесі ретінде келесі аспектілерді көрсетеді: сатып алуды жоспарлау, сатып алудың құқықтық реттелуі, сатып алу ұйымдастыру рәсімдерін жүзеге асыру, мониторинг, бақылау және бағалау жүргізу [7].

В. Малочко, Е. Береснев және В. Житковскийден тұратын авторлар ұжымы ІЛО орталығы үшін құрастырған "Мемлекеттік сатып алу: қағидаттар, заңнамалық нормалар және институционалдық схемалар" оқу модулінде сатып алу қызметінің мынадай функциялары анықталды (1-кесте) [8]:

1-кесте – Сатып алу қызметінің функциялары

Стратегиялық	Басқарушылық	Операциялық	Әкімшілік
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сатып алу ұйымы мен инфрақұрылымды жоспарлау және дамыту;</li> <li>• Сатып алу саласында кадрлар мен ресурстарды барынша пайдалануды қамтамасыз ету;</li> <li>• Саясат пен практиканы әзірлеу және жетілдіру;</li> <li>• Жұмыс істеу стандарттарын белгілеу;</li> <li>• Бақылау және есептілік механизмдерін қалыптастыру;</li> <li>• Сарапшыларды тарту;</li> <li>• Мемлекеттік Ұйымның бюджетін қалыптастыру.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Нарық тенденцияларын зерттеу;</li> <li>• Ұйымның сатып алудағы қажеттіліктерін талдау;</li> <li>• Сатып алушы персоналдың тиімді жұмысын ұйымдастыру;</li> <li>• Тиімділікті қамтамасыз ету үшін сатып алуды жоспарлау және кодификациялау;</li> <li>• Сатып алу қызметінің нәтижелілігін талдау.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Нақты сатып алуларға арналған ерекшеліктерді әзірлеу;</li> <li>• Тауарлар мен қызметтерді ұсыну бойынша Нарық мүмкіндіктерін зерттеу;</li> <li>• Конкурстық өтінімдерді және өнім берушілердің біліктілігін бағалау;</li> <li>• Келіссөздер жүргізу;</li> <li>• Келісімшарттар мен жобаларды басқару.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тауарларды жеткізу және жұмыстарды/қызметтерді орындау кезінде қабылдау актілерін жазу;</li> <li>• Шоттарды алу және тексеру;</li> <li>• Есеп беру.</li> </ul>

*Ескертпе – Құрамында В.Малочко, Е.Береснев және В.Житковский бар авторлар ұжымымен құрастырылған [8]*

**Сатып алуды басқару модельдері.** Мемлекеттік сатып алу жүйесін келесі үлгілерді қолдану негізінде ұйымдастыруға болады:

- орталықтандырылған;

- орталықтандырылмаған;
- аралас/гибридті [5, 38-72 б.].

Жалпы алғанда, соңғы тенденциялар сараптамалық бағалау нәтижелері бойынша орталықтандырылған және аралас үлгілердің танымалдылығының артып келе жатқанын растайды, ал тәжірибе орталықтандыру элементтерін пайдалана отырып, сатып алу жүйелерін ұйымдастыру үлгілерінің жоғары тиімділігін көрсетеді.

Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу жүйесін орталықсыздандырылған деп санауға болады: әртүрлі мемлекеттік органдар мен ұйымдар жекелеген сатып алу жобаларын басқарады. Электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесінде 24 мыңнан астам түрлі тапсырыс берушілер тіркелген. Мемлекеттік тапсырыс берушілер атынан сатып алуды жүзеге асыратын орталық сатып алу органы жоқ (өтінімдерді шоғырландыру арқылы немесе негіздемелік келісімдер бойынша болсын). Осылайша, барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдар қажетті сатып алуды жүзеге асыруға өздері жауапты болады.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы негізгі басқару органдарына Қазынашылық комитетінен басқа Мемлекеттік сатып алу заңнамасы департаменті, Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті, «Электрондық қаржы орталығы» АҚ және өңірлік деңгейдегі бірыңғай ұйымдастырушылар жатады (1-суретті қараңыз). Бұл бөлімде Қазақстанның мемлекеттік сатып алу жүйесінде маңызды рөл атқаратын ұйымдардың үш санаты қарастырылады: 1) Қаржы министрлігі, 2) бірыңғай ұйымдастырушылар және 3) мемлекеттік органдар мен қазыналық кәсіпорындар [9]. (1-сурет)



1-сурет – Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу жүйесінің институционалдық құрылымы

Ескертпе – Қаржы министрлігінің ресми сайтындағы ақпарат негізінде автормен құрастырылды [9]

1-суретке сәйкес мемлекеттік сатып алу саясатын Қаржы министрлігі белгілейді. Қаржы министрлігі орталық деңгейдегі мемлекеттік органдарға және жергілікті атқарушы органдарға қатысты әдістемелік функцияларды жүзеге асырады, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмыс істеуіне жауапты. Бұл ретте Ішкі мемлекеттік аудит комитеті бақылаушы орган ретінде, ал Қазынашылық комитеті орталық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға қатысты біртұтас ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді. Екі комитет те Қаржы министрлігінің құрылымына кіреді. Бюджеттік жоспарлаудың барлық мәселелері, сондай-ақ жоспарлау ережелерін әзірлеу Ұлттық экономика министрлігінің құзырында.

2018 жылғы желтоқсандағы өзгерістер енгізу туралы Заңға сәйкес бірыңғай ұйымдастырушыларға әртүрлі тапсырыс берушілер үшін біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір лотқа біріктіру жолымен орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мүмкіндігі берілді. Қаржы министрлігімен бірыңғай ұйымдастырушылар жүзеге асыратын біртекті тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізбесі жасақталады. Қазақстанда әртүрлі мемлекеттік тапсырыс берушілер үшін бірыңғай ұйымдастырушылар сатып алуды біріктіруді әлі күнге дейін өте сирек жүргізеді. Тиісті іс жүзінде іске асырылған жағдайда бұл жаңалық "баға-сапа" арақатынасын жақсартуға және тиімділікті арттыруға әлеуетті қабілетті; сонымен бірге оны мемлекеттік сатып алу жүйесінде жүзеге асырылатын орталықтандырудың іргетасы ретінде қарастыруға болады.

Қазақстанда соңғы уақытта Қазынашылық комитеті мекемесімен орталықтандыру (институционалдық) бойынша бірқатар шаралар қабылданды. Мұның бастапқы мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл болды. Бірақ Қазынашылық комитеті ЭЫДҰ-да елдеріндегідей Орталық сатып алу органы сияқты толық күшінде жұмыс істемейді. Алайда, Қазынашылық комитеті сияқты органның әлеуеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылмен шектелмейді: ол мемлекеттік сатып алудың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға ықпал етуі мүмкін, әсіресе егер ол әртүрлі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сатып алу өтінімдерін шоғырландыруды бастайтын болса.

Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы - бұл бюджеттік бағдарламалар бойынша орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыратын және өткізетін уәкілетті орган. Қазіргі уақытта Республикалық маңызы бар мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы ҚР Қаржы министрлігіне кіретін Қазынашылық комитеті болып табылады. Облыс, аудан, Республикалық маңызы бар қала және астана деңгейінде бірыңғай ұйымдастырушы болып мемлекеттік сатып алу басқармасы немесе Мемлекеттік сатып алу бөлімдері айқындалады [4].

Қазақстанда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қолданыстағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі [2].

Сатып алудың әр әдісінің өзіндік ерекшеліктері бар, соған байланысты жеткізушілерге белгілі бір талаптар қойылады. Мысалы, конкурс тәсілімен

сатып алу өнім берушіден жоғары біліктілікті талап етеді, ал баға ұсыныстарын сұрату тәсілі өнім беруші ұсынатын коммерциялық ұсынысқа негізделеді. Ашық конукрста барлық ниет білдірген фирмалар мен ұйымдар шақырылады [4].

**Мемлекеттік сатып алу шарттарын жасасу кезіндегі қауіп-қатер түсінігі, түрлері.** Бүгінгі күні қауіптер барлық дерлік экономикалық қатынастардың субъектілерінің қабылдайтын шешімдері мен атқаратын қызметімен бірге жүреді. Дегенмен Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін нормативті-құқықтық актілерде «қауіп-қатер» түсінігіне анықтама берілмеген. Қауіп-қатер кез-келген шешімде, соның ішінде іс-әрекеттерде болады. Мемлекеттік қажеттілікті қамтамасыз ететін сатып алу қызметі де осы категорияға жатады. Кез келген қауіп-қатер сатып алу қызметінің субъектілері қабылдайтын шешімдердің нәтижесіне әсер ететін факторлар мен жағдайлардың көп немесе аз санымен сипатталады. Мемлекеттік келісім-шарттар жасасу рәсімдері егжей-тегжейлі жазылғанына қарамастан, мемлекеттік келісім-шарт жасасу кезіндегі қауіп-қатерлер мемлекеттік тапсырысты орындауға тапсырыс алуға үміткерлерде де, мемлекеттік тапсырыс берушілерде де туындауы мүмкін.

Ғылыми әдебиеттерде келісім-шарттар жасау қауіп-қатерлерінің түрлері бойынша нақты бөлулер жоқ. Сондықтан қауіп-қатерлердің классикалық жіктелуін қарастыратын болсақ, оларға:

- экономикалық қауіп-қатерлер;
- сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлер;
- салықтық қауіп-қатерлер;
- құқықтық қауіп-қатерлер;
- кадрлық қауіп-қатерлер жатады [10].

Мен аталған қауіп-қатерлер бір-бірімен өте тығыз байланысты екенін және кейде қандай да бір әрекеттің қандай қауіп-қатерге жататынын анықтау мүмкін емес екенін атап өткім келеді.

### **Кадрлық қауіп-қатерлер**

Мемлекеттік сатып алу саласында қызметкерлердің білім көлемі мен деңгейі, кәсіби дағдылары, қандай да бір қызмет саласында белгілі бір тауар, жұмыс, қызмет түрлерімен жұмыс тәжірибесі, кешенді бағдарламалар жағдайында жұмыс өтілі, ынтымақтастық және өзара көмек дағдылары, қызметкерлердің өзара алмасу мүмкіндігі және т. б. маңызды рөл атқарады.

И.А. Султанов кадрлық қауіп-қатерлерді «адамдардан шығатын шешімдерді қабылдау нәтижесінде қатерлерді іске асырудың қолайсыз оқиғаларды туындату ықтималдығы» ретінде анықтайды [11].

Кадрлық қауіп-қатерлермен айналысатын практиктер атап өткендей, «персонал – барлық игіліктер мен қиыншылықтардың басты көзі» [12]. Кәсіпорынның, мекеменің жұмысы - бұл қаржылық ресурстарды пайдалану кезінде жүзеге асырылатын жарғылық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған жүйе. Ал қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін міндеттерді кәсіпорынның қызметкерлері (персоналы) шешеді. Қызметкерлер қаншалықты сауатты жұмыс істейтініне және нәтиже ресурстардың қаншалықты тиімді іске асырылғанына,

экономикалық пайда немесе ресурстарды үнемдеуге байланысты. Тиісінше, дұрыс емес шешімдер қабылдаудың белгілі бір қауіптері бар.

О.Ломакинаның ІЛО халықаралық оқу орталығына әзірлеген «Мемлекеттік сатып алулардағы қауіп-қатерлерді басқару» оқу модулі мемлекеттік сатып алу саласындағы қауіп-қатерлердің келесі топтарын анықтайды:

*Келісімшарт жасасқанға дейінгі қауіп-қатерлер:*

- Әрекетке қабілетсіз немесе төлем қабілетсіз жеткізушіні таңдау;
- жосықсыз бәсекелестік қаупі;
- Жеңімпаздың шарт жасасудан бас тарту қаупі;

*Келісімшартты орындау кезеңіндегі қауіп-қатерлер:*

- Үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупі;
- Күтпеген шығындар немесе кірістің төмендеуі қаупі;
- Даулардың туындау қаупі;
- Келісімшарт талаптарын орындамау қаупі;
- Шартты жарамсыз деп тану қаупі;
- Төмен сапалы тауарларды/қызметтерді/жұмыстарды жеткізу қауіп-қатері;
- Жеткізу және жұмыстарды орындау бойынша кешіктіру қаупі [10].

Н.Маслова мен И.Кузнецова "Қауіп-қатерлерді бағалау мемлекеттік қажеттіліктерді қамтамасыз етуді басқару институты ретінде" баяндамасында қауіп-қатерлерді басқару процесі сатып алу мақсаттарына қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін қауіп-қатерлерді барынша азайтуға жүйелі тәсіл жасау болып табылады. Зерттеу нәтижелері бойынша авторлар қауіп-қатерлердің кейбір топтары үшін олардың жүйелік сипатын атап өтуге болады, яғни кейбір қауіп-қатерлер басқаларына әсер етеді және көп жағдайда синергетикалық әсер тудырады деп тұжырымдайды [13].

К. Головщинский өзінің зерттеулерінде сатып алу саласында болатын қауіп-қатерлерді талдай келе олардың тізілімін құрып, базасын жасақтау керектігін айтты. Сонымен қатар оларды анықтау мен орналастыруды әдістемелік қамтамасыз ету талабы туралы жазды. Оның зерттеуінше қауіп-қатерлер сатып алуды жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде орын алады және оларды басқару жұмыстары сатып алудың барлық сатыларында жүргізілуі тиіс деп есептейді [14].

### **Мемлекеттік сатып алу мамандарын оқытудың шетелдік тәжірибесі**

Әлемнің жетекші елдерінде мемлекеттік қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін сатып алу саласында мамандар даярлау тәсілдері тұжырымдамалық жағынан ерекшеленеді. Сонымен қатар, ғылым мен технологияның қазіргі даму деңгейіне байланысты қолданылатын оқыту формалары, әдістері мен құралдары іс жүзінде бірдей. АҚШ-тың қазіргі заманғы мемлекеттік сатып алу тетігі негізінен 1984 жылы "федералдық қажеттіліктер үшін сатып алу ережелері" (FAR – Federal Acquisition Regulations) деп аталатын заңнамалық және заңға тәуелді актілер жиынтығы қабылданған кезде қалыптасты [15].

Мемлекеттік сатып алу саласында мамандар даярлауды бірқатар жетекші оқу орындары жүзеге асырады, оның ішінде Гарвард университеті, Federal

Acquisition University, Defense Acquisition University, Institute for Public Procurement және т.б. барлығы 70-тен астам білім беру мекемелері бар [16].

Мемлекеттің қатысуы сатып алу саласындағы заңдар мен заңға тәуелді актілерді шығарумен, сот практикасын жинақтаумен және жүйелеумен шектеледі. Мекемелер ұсынатын оқу бағдарламалары білім алушының біліктілік деңгейіне (біліктілігінің бар-жоғына) және оның жеке қалауына қарай жалпы, сондай-ақ жоғары мамандандырылған мәселелер бойынша даярлауды көздейді. Мысалы, Ұлттық мемлекеттік сатып алу институты (Institute for Public Procurement, бұдан әрі – NIGP) курстардың 100-ден астам нұсқасын онлайн режимінде, оның ішінде ай сайынғы виртуалды конференциялар, вебинарлар түрінде немесе жоспарлы дәстүрлі аудиториялық нысандарда және жыл сайынғы ғылыми – практикалық конференцияларда, сондай-ақ талап ету бойынша (жоспардан тыс клиенттің сұратуы бойынша) курстарды ұсынады [17].

Ай сайынғы виртуалды конференциялар үш күн бойы өткізіледі. Вебинарлар апта сайын бір сағат бойы өткізіледі (айына төрт вебинар – барлығы 4 оқу сағаты). Жеке және топтық тіркеу мүмкіндігі бар. Аудиториялық курстардың ұзақтығы оқу жоспарларына байланысты әр түрлі болады және бір сағаттан жиырма беске дейін оқу сағатын құрайды. Оқытушымен сыныпта оқу кезінде, әдетте, интерактивті тақталар мен тақырыптық презентациялар қолданылады. Оқу курсының қорытындысы бойынша сынақ жүргізіледі, одан кейін оқудан өткені туралы сертификат беріледі, ол электрондық пошта арқылы жіберіледі немесе жеке қолына тапсырылады [18].

Білім беру бағдарламаларын іске асыру шеңберінде берілетін сертификаттар мемлекеттік сектордағы сатып алу жөніндегі мамандар мен олардың жұмыс берушілері арасында анағұрлым беделді болып табылады.

Курс электронды оқытуды, өзін-өзі оқытуды және әлеуметтік оқытуды (практиканы) біріктіреді және үш негізгі модульден тұратын сегіз бөлімнен тұрады:

- мемлекеттік сатып алу жүйесіне кіріспе;
- мемлекеттік сатып алу бойынша операциялар;
- келісім шарттарды басқару [19].

Оқу ұзақтығы - 13 апта. Әрбір модуль аяқталған соң кандидатқа сынақ тапсыру қажет. Сертификат барлық модульдер бойынша дұрыс жауаптар сомасындағы жиынтық балл 60% - дан асқан жағдайда беріледі. Бұл курс өз білімін өзектендіргісі келетін мемлекеттік сатып алу жөніндегі мамандарға, ішінара сатып алу функциясын іске асыруға қатысатын мамандарға, сондай-ақ өнім беруші, мердігер, орындаушы тарапынан сатып алу жөніндегі мамандарға арналған [19].

Ұлыбританияда келісім-шарт жүйесін реттеуші мемлекеттік орган 1833 жылы құрылды. Мемлекеттік сатып алудың заманауи жүйесі мұнда 1984 жылы конкурстық сатып алулар жөніндегі ұсынымдар қабылданғаннан кейін дамыды [20]. Британдық келісімшарт жүйесі орталықтандырылған және тек ұлттық заңнамамен ғана емес, сонымен қатар Еуропалық Одақтың (бұдан әрі - ЕО) заңнамасымен де реттеледі [21]. Мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру

үшін сатып алу саласындағы мамандарды даярлау жоғары оқу орындарында да, қысқа мерзімді курстарда да жүзеге асырылады [22].

Мысалы, осы профиль бойынша білім беру қызметтерін King's College London, Chartered Institute of Procurement and Supply, SR Supply Chain Consultants, Innoverto және т.б. оқу орындары ұсынады. Барлығы 20-дан астам ұйым бар [22]. Курстардың мақсаты білім алушыларда мыналарды қалыптастыру болып табылады:

- мемлекеттік сатып алу және сот практикасы мәселелері бойынша Ұлыбритания мен ЕО заңнамасын білу;

- сатып алудың заңды рәсімдерін білу, әлеуетті жеткізушілерге әділ және тең қарым - қатынасты қамтамасыз ете отырып, өз ұйымының, жұмыс орнының ерекшелігіне қатысты білімді пайдалана білу;

- тендерлерді бағалау, жеткізушілерге (мердігерлерге, орындаушыларға) келісімшарттардың бағасына сәйкес ақшалай қаражат беру дағдылары мен контрагенттердің міндеттемелерін орындау барысында келісімшарттарды басқару дағдылары [23].

Атап айтқанда, Лондондағы King's College-де стандартты білім беру курсы оқу материалдарын электронды поштамен жіберу арқылы қашықтан жүзеге асырылады. Бақылаудың соңғы нысаны диплом беруден кейінгі емтихан (Лондонда жеке өткізіледі) [23].

Chartered Institute of Procurement and Supply (Лондон, бұдан әрі – CIPS) бастауыштан бастап кәсіби деңгейге дейінгі 5 деңгей бойынша білім беру бағдарламаларын ұсынады. Бұдан басқа, CIPS сатып алу саласында мамандарды даярлау бойынша оқу бағдарламаларын аккредиттеуді жүзеге асыратын ұйым болып табылады. Мысалы, БҰҰ жанында БҰҰ жүйесінің, үкіметтік емес ұйымдардың, халықаралық мекемелердің, мемлекет үкіметтерінің қызметкерлеріне арналған CIPS аккредиттелген білім беру бағдарламалары жұмыс істейді. Олар мемлекеттік сатып алу саласындағы БҰҰ-ның жалпы қағидаларын, саясаты мен рәсімдерін ескере отырып әзірленді [24].

Әрбір оқу модулі модульдің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес ережелерді, саясаттарды, озық тәжірибелер мен теорияларды шолудан басталады. Одан кейін практикалық жаттығулар – кейс-стадилер, топтық талқылау және жаттығулар жүргізіледі. Бұл жүйедегі сабақтар теория мен үйренген әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолдана алатын, білім мен тәжірибені өнімді алмаса алатын пікірлестер тобын қалыптастыруға ықпал етеді [23].

Қытайда мемлекеттік сатып алу саясаты шетелдік тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің импортына технологиялық және қаржылық тәуелділікті азайту, сонымен қатар ұлттық экспортты қолдау мақсатында жүзеге асырылады [23].

Мемлекеттік сатып алу саласындағы мамандарды даярлауды мемлекеттік органдар, атап айтқанда, Қаржы министрлігі ведомстволық бағынысты органдармен облыстық және одан жоғары деңгейдегі қаржы департаменттерімен, сондай-ақ олар бақылайтын коммерциялық емес ұйымдармен ұйымдастырады. Қытай басшылығының пікірінше, тендерге



қатысатын кәсіпорында біліктілік деңгейі сатып алу жобасының көлемі мен күрделілік деңгейіне төтеп беруге мүмкіндік беретін сатып алу саласындағы оқытылған қызметкерлер - мамандар болуы қажет. 2001 жылы Қытай Мемлекеттік Кеңесінің шешімімен негізделген және коммерциялық емес ұйым болып табылатын Қытай логистика және сатып алу Федерациясының (бұдан әрі-CFLP) құрамындағы Мемлекеттік сатып алу секторы мемлекеттік сатып алу бойынша мамандарды даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі жетекші ұйымдастырушылық - әдістемелік орталық болып табылады [25].

Ұйым барлық өңірлерде оқыту іс-шараларын жүйелі түрде өткізеді. ҚХР Қаржы министрлігіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік билік органдарының өкілдері жергілікті тендерлік бөлімдердің бағынышты басшыларымен және олардың мемлекеттік сатып алу жөніндегі мамандарымен жиындар мен тренингтер өткізеді, есепті кезеңнің қорытындыларын шығарады және келесі кезеңге міндеттер қояды. Оқыту іс-шаралары, әдетте, өңірлер бойынша үш күндік жиындар нысанында бірнеше сатыда өтеді, олардың барысында жаңадан қабылданған нормативтік актілер және Мемлекеттік сатып алу бойынша салалық қағидалар зерделенеді. Жиындарға ресми бөлімге сабақтың өзі, ал ресми емес бөлігіне бірлескен түскі ас және оқытушы-сарапшылар мен білім алушылардың бейресми қарым-қатынасы кіреді [26]. Билік органдары мен мемлекеттік кәсіпорындар, өз кезегінде, сатып алу бойынша бағынысты мамандардың біліктілік деңгейін арттырудың барлық қолжетімді нысандары мен құралдарына жағдай жасайды және ықпал етеді. Мұндай іс-шараларда сондай-ақ заңнаманың соңғы өзгерістерін түсіндіру, практикалық сабақтар, сұрақтар мен жауаптар, тәжірибе алмасу және сертификаттар беру өтеді [27]. Сертификаттар монотондылықпен ерекшеленбейді, өйткені қазіргі уақытта олардың нысаны мен беру негіздеріне бірыңғай мемлекеттік стандарт жоқ. Бірақ оқу аяқталғаннан кейін, егер регламентте көзделген болса, мамандар аттестаттаудан өтеді. Аттестаттаудан өткен адамдар оқу жиыны өткізілген нақты провинцияның Мемлекеттік сатып алу жөніндегі сарапшылар пулына енгізіледі. Кейіннен олар мемлекеттік сатып алу бойынша сарапшы біліктілігін ала алады [28]. Мемлекеттік сатып алу бойынша мамандар даярлауды оқу орталықтарының тармақталған желісі де жүзеге асырады. Олар барлығына күндізгі және онлайн оқыту түрінде "нөлден" дайындықты ұсынады [29].

Осылайша, АҚШ, Ұлыбритания және Қытайдың білім беру бағдарламалары жеткілікті вариативтілікпен және клиентке бағдарлануымен ерекшеленеді. Өз кезегінде бұл ыңғайлы және сатып алу саласында болуы ықтимал мәселелердің алдын алуға көмектеседі.

## Зерттеу әдістері

Магистрлік жобаның негізгі құрамдас бөлігі болып қолданылған зерттеу әдістері табылады. Зерттеу барысында мемлекеттік сатып алу мамандарын оқыту бойынша шет елдердің тәжірибесін зерделеу мақсатында ғылыми және мерзімді басылымдардың жарияланымдарын зерделеу, салыстыру, сауалнама, SWOT-талдау, статистикалық мәліметтерді талдау, контент талдау, саланы реттейтін нормативті-құқықтық актілерді зерделеу әдістері қолданылды.

Айта кету керек жобаның өзектілігінде көрсетілген мәселерлерді анықтауда және қорытындылауға бүгінгі күні сатып алу қызметін атқарып жүрген мамандарға жүргізілген сауалнама орасан зор ықпал етті. Кез келген саланың ішіндегі мәселелерді анықтау үшін сол саланың қызмет етуін жүргізіп отырған тікелей орындаушылардың, яғни эксперттердің пікірі өте маңызды.

Зерттеу жұмысының аясында мемлекеттік сатып алу саласындағы эксперттерге арналған **сауалнама** өткізілді. Эксперттік сауалнама нәтижесінде 152 респондент сауалнамадан өтті. Оның 143-і мемлекеттік сатып алу маманы болып табылады. Сауалнама мемлекеттік сатып алу мамандарының қазіргі кездегі кәсіби дайындық деңгейін қамтитын және олардың оқытуға қажеттіліктерін түсінуге мүмкіндік беретін 9 сұрақтан құрастырылды.

### Сауалнама сұрақтары:

- 1 Сіз мемлекеттік сатып алумен айналысатын мамансыз ба?
- 2 Сіздің негізгі мамандығыңыз қандай?
- 3 Мемлекеттік сатып алудағы сіздің жұмыс өтіліңіз?
- 4 Мемлекеттік сатып алуды қайдан үйрендіңіз?
- 5 Мемлекеттік сатып алуды толық меңгеріп алу үшін қанша уақыт керек деп ойлайсыз?
- 6 Егер сіз мемлекеттік қызметші болсаңыз «Мемлекеттік сатып алу» тақырыбындағы қайта даярлау немесе білікті арттыру курсынан өттіңіз бе?
- 7 Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру барысында қай мамандардың көмегіне жүгіну қажеттілігі туындауы мүмкін деп ойлайсыз?
- 8 Мемлекеттік сатып алу бойынша қосымша курстар, семинар, дәрістер ұйымдастыру қаншалықты қажет деп ойлайсыз?
- 9 Мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

Сауалнама әдісін жүргізу барысында күтілген жағдайлар:

- мемлекеттік сатып алуды басқару жүйесінің тиімді және тиімсіз тұстары туралы анықтау;
  - мемлекеттік сатып алу мамандарының кәсіби біліктілігінің деңгейін анықтау;
  - мемлекеттік сатып алуды жетілдіру үшін қажеттілікті анықтау;
  - мемлекеттік сатып алу мамандарының қажеттіліктерін анықтау;
- Өткізілген зерттеу жұмысынан күтілетін нәтиже:
- мемлекеттік сатып алу мамандарының кәсіби біліктілік деңгейін жақсы түсінуге және қажеттілікті анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар статистикалық көрсеткіштерді талдау барысында мемлекеттік сатып алу мамандарының сатып алу тақырыбында өткен біліктілікті арттыру курстарынан қанша маман өткендігі және курстардың қаншалықты тиімді болғандығы анықталды. Одан әрі сатып алу мамандарының кәсібилігінің мықты және әлсіз тұстарын анықтау үшін **SWOT-талдау** әдісін қолдандым. SWOT-талдауды жүргізу кезінде сауалнама қорытындысына, статистикалық талдау мен ЭЫДҰ-ның «Қазақстандағы мемлекеттік сатып алулар: тиімділікті арттыру жүйесін реформалау» [30] және Дүниежүзілік банктің және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Ислам даму банкі және Азия даму банкі басшылығымен жүргізілген «Қазақстан Республикасының және «Самұрық-Қазына» Ұлттық әлауқат қоры» АҚ-ның мемлекеттік сатып алу жүйелерін бағалау [31] жұмыстарына сүйендім. Нәтижесінде бүгінгі таңда Қазақстанда сатып алу мамандарының кәсіби деңгейінің төмендігі және назар тыс қалып отырғандығына растау алынды. Егер сатып алуды кәсібилендіру мен сатып алу мамандарын оқытуды қолға алған жағдайда қандай мүмкіндіктер орын алуы мүмкін деген қорытындыға келетін болсақ олардың саны өте көп, дегенмен орын алуы мүмкін қауіп-қатерлердің де көлемі аз емес. SWOT-талдау нәтижесін толығырақ қосымшадан көруге болады. Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезеңдерінде орын алатын бұзушылықтарды талдау үшін ішкі аудит органдарының камералдық бақылау қорытындылары бойынша бұзушылықтарды жою үшін жіберген шешімдеріне **контент талдау** жүргіздім. Контент талдау барысында мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде орын алатын бұзушылықтардың түрлері және орын алу кезеңдері анықталды. Сонымен бірге орын алған бұзушылықтардың негізгі себептері болып мамандардың кәсіби даярлығының төмендігі, саланы реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді білмеуі және орындаушының этика мен адал мінез-құлқының төмендігі айқындалды. Оны камералдық бақылау қорытындыларында ұсынылған ұсыныстармен растауға болады. Сондай-ақ камералдық бақылау қорытындыларына жүргізілген контент талдаудың тағы бір мақсаты мемлекеттік сатып алу кезеңдеріндегі қауіп-қатерлерді анықтау болды. Нәтижесінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың барлық кезеңдеріндегі орын алуы мүмкін болатын қауіп-қатерлерді анықтап шықтым. Көп жағдайда анықталған қауіп-қатерлер бір немесе бірнеше мемлекеттік органдарда жүйелі түрде қайталанып отырады.


Жалпы алғанда жоба аясында қолданылған барлық зерттеу әдістері белгілі бір деңгейде талдау жүргізіп, мәселерді анықтауға орасан зор көмек берді.

## Талдау және зерттеудің нәтижелері

### Мемлекеттік сатып алу жүйесінің кадрлық әлеуетіне талдау

Мемлекеттік сатып алу жүйесінде мемлекеттік ресурстарды тиімді және ұтымды пайдалану үшін бұл жүйеге білікті кадрлар қажет. Өртүрлі елдерде мемлекеттік сатып алу талаптары өскен сайын, сатып алу персоналының рөлі де арта түседі. Мамандарды мемлекеттік сатып алумен байланысты міндеттерді орындауға дайындау үшін олардың қабілеттері мен құзыреттерін дамыту қажет, сонда ғана Қазақстан мемлекеттік сатып алу жүйесін стратегиялық мақсатта пайдалана алады. Мемлекеттік сатып алулар қызметкерлерінің құзыреттілік моделін әзірлеу кадрларды даярлауды және басқаруды мақсатты түрде жүзеге асыру үшін негіз бола алады.

Мемлекеттік қызметшілердің әлеуетін дамыту мен нығайтуға және оқытуға жауапты негізгі органдар Қаржы министрлігі мен Мемлекеттік қызмет істері агенттігі болып табылады. (2-сурет)



2-сурет – Мемлекеттік қызметшілердің әлеуетін дамыту мен нығайтуға және оқытуға жауапты негізгі органдар

*Ескертпе – ЭЫДҰ хатшылығымен құрастырылған, [30]*

Қазақстан заңнамасында мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі кадрлық әлеуетті дамытуға жауапкершілік нақты бөлінген. Қаржы министрлігі мемлекеттік сатып алу жүйесін басқаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган болып табылады және сонымен бірге оқыту және кәсіби дағдыларды дамыту қағидаларын әзірлеуге жауапты. «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңға сәйкес Қаржы министрлігі мемлекеттік сатып алу саласында қызметін жүзеге асыратын қызметкерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекітеді (16-баптың 8-тармағы) [32]. 2018 жылғы Заңды қайта қарау кезінде Қаржы министрлігінің осыған байланысты міндеттерінің тізбесі кеңейді: енді ол

мемлекеттік сатып алулар бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді және бекітеді (11-2-бап, 16-бап) [2].

Әлеуетті дамыту бағдарламасын немесе оқыту стратегиясын әзірлеу оқыту қажеттіліктері ескерілгенде тиімдірек болады. Мемлекеттік сатып алулар қызметкерлерінің күшті және әлсіз жақтарын түсіну әлеуетті арттыру қажет аймақтарды анықтаудағы алғашқы қадам болуы мүмкін. Қазақстанның орталық және өңірлік деңгейде сатып алуларға қатысатын мемлекеттік қызметшілердің әлеуетін нығайту және дамыту мүмкіндігі бар. Сатып алу жөніндегі қызметкерлердің күшті және әлсіз жақтарын анықтау қолданыстағы оқыту мен әлеуетті арттыру шараларын мемлекеттік сатып алу жүйесінің қажеттіліктеріне сәйкес келтіруге көмектеседі, өйткені ол басым бағыттар мен шекті аспектілерді анықтайды.

Сонымен қатар, түзетуге әбден болатын бірқатар кемшіліктер бар. Білім саласына келетін болсақ, мемлекеттік сатып алу жүйесінде мансап құрудың нақты схемасы жоқ. Мемлекеттік сатып алумен байланысты міндеттер жеке кәсіп ретінде қарастырылмайды, Қазақстанның жоғары оқу орындарында арнайы оқыту бағдарламалары жоқ.

Пәнаралық дағдылар мен арнайы кәсіби білімге ие болуы талап етілетін мемлекеттік сатып алу мамандары міндетті түрде тиісті дайындықты қажет етеді. Қазақстанның мемлекеттік қызметшілері жүйелі түрде оқудан өтіп отырады. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың қызметкерлерін оқытумен Қаржы министрлігі, дәлірек айтсақ, оған ведомстволық бағынысты «Электрондық қаржы орталығы» АҚ айналысады. «Электрондық қаржы орталығы» АҚ-ның жарғысына сәйкес Қоғамның негізгі қызметінің түрлеріне тиісті тауар нарығында бәсекелестікті шектеуге жол бермеу шартымен орталық және жергілікті атқарушы органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тапсыры бойынша қажет болған жағдайда семинарлар, конференциялар мен курстар ұйымдастыруды, электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы мамандарды қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қоса алғанда, оқу бағдарламаларын әзірлеу, оқытуды ұйымдастыру және өткізу кіреді [33].

«Қазақстандағы мемлекеттік сатып алулар: тиімділікті арттыру мақсатында жүйені реформалау» ЭЫДҰ-ның жүргізген шолудың тұжырымдамасына сәйкес Қоғамның оқыту бағдарламасына заңнама нормаларын зерделеу, сондай-ақ электрондық сатып алу жүйесін пайдалану бойынша тәжірибелік сабақтар кіретінін, алайда, бұл оқытулардан кейін де мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік сатып алумен байланысты тапсырмаларды орындауға өздерінің жеткілікті деңгейде дайын емес екендерін сезінетіндерін анықтағанын көруге болады. «Электрондық қаржы орталығы» АҚ ұйымдастыратын жыл сайынғы оқу іс-шараларының көлемі әлеуетті қажеттіліктермен салыстырғанда (24 194 сатып алушы органдар мен ұйымдар) өте қарапайым болып көрінеді [30].

«Б» корпусының мемлекеттік қызметшілері үш жылда бір реттен кем емес біліктілікті арттырудан өтеді. Мемлекеттік қызметшінің қызметі қанағаттанарлықсыз деп бағаланса, ол қосымша оқудан өтуге міндетті. Орташа

алғанда, мемлекеттік қызметшілер жылына бір-үш тренингке қатысады [30]. Қаржы министрлігі Мемлекеттік сатып алу қызметін жүзеге асыратын қызметкерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекітті (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №697 бұйрығы) [32].

Олар келесі ережелерді қамтиды:

Мемлекеттік сатып алу саласында өз қызметін жүзеге асыратын қызметкерлерді қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды білім беру ұйымдары жүзеге асырады.

Білім беру ұйымдары мамандарды қайта даярлау мен біліктілігін арттырудың оқу жоспарларын әзірлейді және бекітеді.

Оқу жоспарлары міндетті түрде келесі семинар тақырыптарын қамтуы керек:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру барысында қалыптастырылатын конкурстық құжаттаманы, техникалық шарттарды және басқа да құжаттарды әзірлеу және бекіту.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнама нормаларын түсіндіру бойынша заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін қарау бойынша тәжірибелік курс.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы сақтау аудитінің негізгі аспектілерін зерделеу бойынша тәжірибелік курс.


Оқу жоспарының жалпы сағат санының кемінде 50 %-ын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін іске асыруға жауапты тапсырыс берушілер қызметкерлерінің қатарынан практикалық қызметкерлерді тарта отырып, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу тәжірибесін зерделеу құрайды. Сондай-ақ жоғарыда аталған рәсімдерге бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қызметкерлері.

Білім беру ұйымдары оқыту үшін мемлекеттік органдардың, білім беру ұйымдарының мамандарын және мемлекеттік сатып алуда екі жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар жеке тұлғаларды тартады [32].

Ережелер мемлекеттік органдарға, мекемелер мен ведомстволарға, сондай-ақ мемлекеттің қатысу үлесі 50%-ды құрайтын басқа да ұйымдарға қолданылады. Бұл ережелер бірқатар аспектілерде нақтылыққа ие емес. Мысалы, олар «қосымша білім беру ұйымдарына» қандай ұйымдар жататынын және «маман» деген анықтаманың қандай екенін көрсетпейді.

Мемлекеттік қызметшілерді даярлау әдетте негізгі мамандандырылған білім беру мекемесінде – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында, оның аумақтық бөлімшелерін қоса алғанда жүзеге асырылады.

2017 жылдан бері Қазақстандағы орталық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік сатып алу тақырыбындағы оқыту семинарлары мен курстранынан өту саны өсіп отыр (3-сурет) [34].



3-сурет – Кәсіби даму бойынша мемлекеттік қызметшілердің семинарлармен қамтылуы, көк түспен жергілікті, қызыл түспен республикалық деңгейдегі оқыту іс-шараларына қатысу деңгейі көрсетілген (жалпы көлемнен пайыздық өлшеммен)

*Ескертпе - Кәсіби даму институтының мәліметінің негізінде автормен құрастырылды*

3-суретке сәйкес 2017 жылдан бері Қазақстандағы орталық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік сатып алу тақырыбындағы оқыту семинарлары мен курстранынан өту санының өсу динамикасын көріп отырмыз.

Дегенмен, ЭЫДҰ-ның жүргізген шолуында облыс әкімдіктерінің мемлекеттік сатып алумен айналысатын мамандары Қаржы министрлігінің ұйымдастырған оқыту семинарлары мемлекеттік сатып алумен жұмыс жасау үшін қажетті білімдер мен дағдыларды қалыптастыруға жеткіліксіз екенін атап көрсетті. Жылына бір немесе екі рет өткізілетін осындай семинарлардың тиімсіздігі салдарынан кейбір әкімдіктер өз қаражаты есебінен консалтингтік компанияларды жалдайды. Ал бұл өз кезегінде жергілікті бюджет үшін қомақты қаражат шығындарын талап етеді. Сонымен қатар, семинарлар негізінен электронды мемлекеттік сатып алулардың практикалық сәттеріне арналғандықтан заңнамалық мәселелердің қозғалмауы респонденттердің сынына ұшырады [30].

Қазіргі уақытта оқыту негізінен сәйкестік мәселелеріне бағытталған. Бұл сатып алу саласындағы мамандар өз қызметінде заңды басшылыққа алуы керек деген ойға негізделген сияқты. Дегенмен, мемлекеттік сатып алу жұмыстарының күрделене түсуін ескере отырып, бұл сала мамандары таза басқарушылық міндеттерден шығуға мүмкіндік беретін дайындықты талап етеді. Қаржы министрлігі (яғни, оның ведомстволық бағыныстағы «Электрондық қаржы орталығы» АҚ) электрондық сатып алу платформасына қатысты практикалық оқыту қызметін ұсынады: сатып алу мамандары электронды жүйені пайдалануға оқытылады. Оқытудың бұл тәсілін мемлекеттік сатып алудың басқа аспектілеріне де таратқан дұрыс.


Сатып алу мамандарымен сұхбатта көтерілген тағы бір аспект мемлекеттік қызметкерлерге тұрақты тестілеуден туындайтын салмаққа қатысты.

Мемлекеттік сатып алудың стратегиялық функция ретінде танылуына бағыт алатын болсақ, бұл саладағы жұмысшыларға қойылатын талаптар үнемі өсіп отыратын болады. Мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік сатып алуды стратегиялық функция ретінде жүзеге асыра алуын қамтамасыз ету үшін бағалау және оқыту тұжырымдамаларын қайта қарау, басты назарды заң талаптарын сақтаудан практикалық қызметке және жеке жауапкершілікті ынталандыруға ауыстыру қажет.

### Сауалнама нәтижелері

Магистрлік жоба аясында мемлекеттік сатып алу мамандарының арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижесі келесідей:

*Сіз мемлекеттік сатып алумен айналысатын мамансыз ба? (4-сурет)*




4-сурет – Сауалнамадан өткен мамандардың саны

*Ескертпе - Зерттеу жұмысы барысында өткізілген сауалнама негізінде автормен құрастырылды*

Сауалнамадан барлығы 152 респондент өтті, оның 143-і мемлекеттік сатып алу мамандары, 9-ы басқа мамандар.

*Сіздің негізгі мамандығыңыз қандай? (5-сурет)*




5-сурет – Сауалнамадан өткен респонденттердің негізгі мамандықтары бойынша талдауы

*Ескертпе - Зерттеу жұмысы барысында өткізілген сауалнама негізінде автормен құрастырылды*



142 респонденттің 59-ы, яғни 41,5% экономика мамандағын, 38 респондент, яғни 26,8% бухгалтерлік есеп және аудит, 26 респондент, яғни 18,3% заңгер, 11 респондент, яғни 7,8% жергілікті мемлекеттік басқару, 4 респондент, яғни 2,8% бағдарламашы, IT, инженер, 4 респондент, яғни 2,8% басқа мамандықтар иесі екені анықталды.

*Мемлекеттік сатып алудағы сіздің жұмыс өтіліңіз? (6-сурет)*




**6-сурет – Респонденттердің мемлекеттік сатып алудағы жұмыс өтілі**

*Ескертпе - Зерттеу жұмысы барысында өткізілген сауалнама негізінде автормен құрастырылды*

142 респонденттің 16-ы (13,2%) 1 айдан 1 жыл аралығында, 35-і (23,7%) 2-3 жыл аралығы, 28-і (18,4%) 3-5 жыл аралығы, 24-і (17,1%) 5-7 жыл аралығы, 39-ы (27,6%) 7 жылдан ары қарай еңбек өтіліне ие.

*Мемлекеттік сатып алуды қайда оқыдыңыз? (7-сурет)*




**7-сурет – Респонденттердің мемлекеттік сатып алуды қайда оқығандығы туралы талдау**

*Ескертпе - Зерттеу жұмысы барысында өткізілген сауалнама негізінде автормен құрастырылды*

142 респонденттің 44-і (31%) жұмыс берушінің ұйымдастыруы арқылы ақылы курстан өткен, 40-ы (28,2%) әріптестерінен, 36-сы (25,4%) өздігінен, 21-і (14,8%) біліктілікті арттыру курстарынан өткендігін көрсетті. 1 респондент (0,7%) онлайн ұйымдастырылған курстардың ешқандай нәтиже бермейтінін атап өткен.

*Мемлекеттік сатып алуды толық меңгеріп алу үшін қанша уақыт керек деп ойлайсыз? (8-сурет)*




8-сурет – Мемлекеттік сатып алуды толық меңгеріп алу үшін қанша уақыт керектігі туралы талдау

*Ескертпе - Зерттеу жұмысы барысында өткізілген сауалнама негізінде автормен құрастырылды*

142 респонденттің 72-і (47,4%) 1 айдан 1 жыл аралығында, 43-і (28,3%) 1-2 жыл аралығында, 14-і (9,2%) 3-4 жыл аралығында, 9-ы (5,9%) 4 жылдан аса уақытта үйренуге болады деп көрсетті. Одан басқа еркін жауап нұсқасында «ережелер мен заңдар өзгерген сайын, бәрін меңгеру мүмкін емес, әр уақытта үйрену керек», «меңгеру мүмкін емес, өйткені заңнамаға жиі өзгерістер енгізіледі», «заңдар өзгереді, сондықтан заман ағымына ілесіп отыру керек», «енгізілген өзгерістерге байланысты үнемі үйрену кажет», «адамның қызығушылығына байланысты 2-3 айда үйренуге болады», «ешқашан меңгеру мүмкін емес» деген жауаптар болды.


*Егер сіз мемлекеттік қызметші болсаңыз «Мемлекеттік сатып алу» тақырыбындағы қайта даярлау немесе біліктілікті арттыру курсынан өттіңіз бе? (9-сурет)*



9-сурет – «Мемлекеттік сатып алу» тақырыбындағы қайта даярлау немесе біліктілікті арттыру курсынан өткен мемлекеттік қызметшілердің саны  
*Ескертпе - Зерттеу жұмысы барысында өткізілген сауалнама негізінде автормен құрастырылды*

Мемлекеттік сатып алу маманы болып табылатын 142 респонденттің 27-сі (19,1%) мемлекеттік қызметші болып табылмайды, ал 63 респондент (44,3%) «Мемлекеттік сатып алу» тақырыбындағы қайта даярлау немесе біліктілікті арттыру курсынан өткен және 52 респондент (36,6%) бұндай курстардан өтпеген болып отыр.

*Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру барысында қай мамандардың көмегіне жүгіну қажеттілігі туындауы мүмкін деп ойлайсыз? (10-сурет)*



10-сурет – Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру барысында басқа мамандарға жүгіну қажеттілігі туралы талдау  
*Ескертпе - Зерттеу жұмысы барысында өткізілген сауалнама негізінде автормен құрастырылды*

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру барысында 73 (48%) респондент құрылыс, 62 (40,8%) респондент есепші, 114 (75%) респондент заңгер, 12-і (7,9%) дәрігер, 51 (33,6%) бағдарламашы\IT\инженер мамандарының көмегіне жүгіну қажет деп есептейді, 5 (3,3%) маман қажеттілік жоқ десе, еркін нұсқада 5 (3,3%) респондент «сатып алушыда кез-келген саланың білімі туралы түсінік болуы маңызды, айталық, әмбебап болуы керек», «сатып алудың профиліне

байланысты», «сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің ерекшелігіне қарай», «механик», «әртүрлі салалар үшін, әртүрлі мамандар» қажет деген өз пікірлерін білдірді.

*Мемлекеттік сатып алу бойынша қосымша курстар, семинар, дәрістер ұйымдастыру қажеттілігі қажет деп ойлайсыз? (11-сурет)*




**11-сурет – Мемлекеттік сатып алу бойынша қосымша курстар, семинар, дәрістер ұйымдастыру қажеттілігі**

*Ескертпе - Зерттеу жұмысы барысында өткізілген сауалнама негізінде автормен құрастырылды*

99 (70%) респондент өте қажет, жылына 1 рет, 38 (26,6%) респондент қажет кезде сұраныс бойынша өткізілсе, 2 (1,4%) респондент қажет, әрбір 3 жылда 1 рет, 1 (0,7%) қажет емес және 2 (1,4%) респондент еркін нұсқада «заң өзгерген сайын түсіндіру жұмыстары өткізілсе» деген нұсқаларды ұсынды.

*Мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру үшін не істеу керек деп ойлайсыз? (12-сурет)*



**12-сурет – Мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру үшін қажет шаралар туралы талдау**

*Ескертпе - Зерттеу жұмысы барысында өткізілген сауалнама негізінде автормен құрастырылды*

Бұл сұраққа 100 (65,8%) респондент мемлекеттік сатып алу мамандарына жиі курстар, семинарлар, дәрістер ұйымдастыру қажет, 34 (22,4%) респондент мемлекеттік сатып алу мамандарын ЖОО-ларда дайындау қажет, 45 (29,6%) респондент мемлекеттік сатып алу мамандарын сертификаттау керек, 9 (5,9%) респондент шетелдерден жоғары кәсіби мамандарды шақыру керек, 14 (9,2%) респондент ештеңе қажет емес, барлық жағдай қарастырылған және еркін жауап нұсқасында 8 (5,6%) респондент «заңды бір ретке келтіру керек, олқылықтар мен кемшіліктер көп», «кұқықтық актілерді нақтылау және оларды нақты тұжырыммен жазу», «мемлекеттік сатып алулар бойынша НҚА әзірлеу үшін білікті мамандарды шақыру», «мемлекеттік сатып алу шығындарын ескере отырып, ауылдық елді мекендер үшін сатып алуды бөлек қамтамасыз ету (атап айтқанда, мектепке дейінгі мекемелерде тамақтану, ұйымдарға қызмет көрсету шығындары)» тәрізді жауап нұсқаларын ұсынды.

Жүргізілген сауалнама нәтижесін қорытындылайтын болсам, респонденттердің жауаптарынан елімізде мемлекеттік сатып алу мамандарының жоғары оқу орындарында даярланбайтынын көреміз. Ал мемлекеттік сатып алуды көбіне экономика, бухгалтерлік есеп, заңгер мамандықтарын бітірген мамандар атқарып жүр. Әрине, Қазақстандағы мемлекеттік қызметтегі білім беру сипаттамасы жеткілікті деңгейде алуан түрлі. Дегенмен, мемлекеттік сатып алу өзінің ерекшелігіне байланысты мамандардан әртүрлі және жан-жақты білімді талап етеді. Сонымен қатар сауалнама нәтижесі негізгі қызметті атқарып жүрген мамандардың басым көпшілігі (76 респондент (53,6%)) өздігінен және әріптестерінен үйренгенін көрсеткен. Егер тұтастай бір саланың мамандары өздігінен, әріптестерінен сұрап үйрену арқылы қызмет атқаратын болса, онда саланың жетілуі мен тиімді әрі сапалы қызмет етуі күмән тудырамы сөзсіз.

Сауалнамадан өткен мамандардың жұмыс өтілінің 3 жылдан 7 жылға дейін, одан да көп екеніне қарамастан мемлекеттік сатып алу бойынша қосымша курстар, семинар, дәрістер ұйымдастырудың аса қажет етіп отырғанын байқауға болады. Оған дәлел 137 респонденттің, яғни 96,6% көрсеткішпен «өте қажет, жылына 1 рет», «қажет кезде сұраныс бойынша өткізілсе» деген жауаптары болып отыр.

Мемлекеттік сатып алу өз алдына бір сала болғанымен барлық салаларда қолданылады. Сондықтан сатып алудың бағыттарын ескере отырып, мамандарға қажет білімді анықтау және беру өте маңызды. Сауалнама нәтижесіне үңілетін болсақ, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру барысында респонденттер құрылыс (48%), есепші (40,8%), заңгер (75%), дәрігер (7,9%), бағдарламашы\ІТ\инженер (33,6%) мамандарының көмегіне жүгіну қажет деп есептейді, ал 3,3% респондент «сатып алушыда кез-келген саланың білімі туралы түсінік болуы маңызды, айталық, әмбебап болуы керек», «сатып алудың профиліне байланысты», «сатып алынатын тауардың, жұмыстың, қорсетілетін қызметтің ерекшелігіне қарай», «механик», «әртүрлі салалар үшін, әртүрлі мамандар» қажет деген өз пікірлерін білдірді. Бұдан шығатын қорытынды мемлекеттік сатып алу әртүрлі саланың білімдерін қажет етеді. Ал сала бойынша білімі жоқ мамандарға сатып алудағы техникалық сипаттамаларды, конкурстық

құжаттаманы қарау, өнім берушілерге рұқсаттама беру үшін шешім шығару қиындық туғызады.

Дегенмен, бір қуантарлық жайт мамандар мемлекеттік сатып алуды толық меңгеріп алу үшін 1-2 жыл аралығы жеткілікті деп есептейді (79,6%), алайда бұл мамандарды даярлау қажеттілігі жоқ дегенді білдірмейді. Мемлекеттік сатып алу әлі де болса жас сала және нарықтық экономика жағдайында жетілдіру мен дамытуды талап етеді. Соңғы жылдары сатып алу процедураларының ашықтығын арттыру, сыбайлас жемқорлықты азайту, әсіресе бірыңғай веб-порталдың қызметі мен электрондық сатып алу жүйесін ұйымдастыруға бағытталған өзгерістер Заңға кемінде жылына 2-3 реттен енгізіліп отыр. 2021 жылы 01.01.2021, 02.01.2021, 12.10.2021, 15.11.2021, 2022 жылы 01.01.2022, 03.01.2022, 07.03.2022, 07.03.2022 өзгерістер енгізілді. Мемлекеттік органдар мен тапсырыс берушілер сатып алуды ұйымдастырудың бұндай өзгерістеріне дайын болмады, себебі оқыту курстары дер кезінде ұйымдастырылмады, сондықтан қазіргі таңда қиындықтар сезілуде. Оған респонденттердің еркін нұсқада берген «заң өзгерген сайын түсіндіру жұмыстары өткізілсе», «енгізілген өзгерістерге байланысты үнемі үйрену қажет», «меңгеру мүмкін емес, өйткені заңнамаға жиі өзгерістер енгізіледі» деген жауаптары дәлел бола алады. Қазіргі таңда сатып алу үдерісіне қатысушы барлық тараптар күрделі бейімделу кезеңінен өтуде. Әсіресе бұндай жағдай білікті кадрлары жоқ мекемелер мен органдарда айрықша сезілуде. Себебі қызметкерлер жұмыстың ауқымды әрі жоғары жауапкершілікті талап етуінен шарттық негізде қызмет атқарудан жиі бас тартады.

«Мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру үшін не істеу керек деп ойлайсыз?» деген сұрақпен практикалық түрде жұмыс жасап жатқан мамандардың ойын білгім келді. Бұл сұрақтың жауаптары да сол өзекті болып отырған мамандарды даярлау керектігіне әкеліп саясады. Респонденттердің басым бөлігі жиі курстар, семинарлар, дәрістер ұйымдастыру, мемлекеттік сатып алу мамандарын ЖОО-ларда дайындау, сертификаттау қажет екендігін атап өтті.

Мақсаты мемлекеттік қажеттілікті қамтамасыз етудің сапасын арттыру болып табылатын сатып алу қызметін басқару экономиканы реттеудің маңызды құралдарының бірі болғандықтан тиімділікті арттыру механизмдерін жетілдіру тез арада шешім қабылдауды талап етеді. Ол үшін мамандардың жан-жақты біліктілігі мен білімін арттыру, қажетті кәсіби дағдыларын қалыптастыру және дамыту және дер кезінде заман ағымына сай даярлап отыру бойынша кешенді даярлау бағдарламаларын жасақтау керек.

### **Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезеңдерінде орын алатын бұзушылықтарға талдау**

Мемлекеттік қажеттілікті тиісті деңгейдегі сапалы тауар, жұмыс, қызметтермен қанағаттандыру жолындағы негізгі мәселелердің бірі – сапалы сатып алу процедураларын ұйымдастыру болып табылады. Тиісті нәтижеге қол жеткізе алмаудың себептеріне сатып алуды ұйымдастыру барысындағы орындаушының жосықсыз мінез-құлқы мен төмен біліктілігін жатқызуға болады. Сәйкесінше осы әрекеттердің салдарынан мемлекеттік сатып алуды

жүзеге асыру кезеңдерінде саланың тиімді қызмет етуі мен жетілуін тежейтін және орны толмас қауіптер мен олқылықтарды тудыратын бұзушылықтар орын алуы мүмкін.

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" ҚР Заңында көзделген функцияларды орындау шеңберінде Ішкі мемлекеттік аудит комитеті мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы алынған мәліметтерді салыстыру арқылы мемлекеттік аудит объектісіне бармай-ақ камералдық бақылауды жүзеге асырады [35].

Камералдық бақылаудың мақсаты бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісіне бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру болып табылады [35].

2022 жылдың I тоқсанында жалпы құны 3,2 трлн. теңгені құрайтын 185 мың процедулар камералдық бақылаумен қамтылды, нәтижесінде мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзушылықтар бойынша 32,4 мың сатып алулар анықталып, 9,9 мың хабарламалар жіберілді, 8,9 мың хабарлама (91%) орындалды [35].

Камералдық бақылау іс-шаралардың нәтижелері бойынша 35,4 млн.теңге айыппұл сомасына 146 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 35,3 млн. теңге бюджетке өндіріп алынды [35].

Жіберілген бұзушылықтар үшін 366 кінәлі тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды [35].

Камералдық бақылау іс-шаралардың қорытындысы бойынша іс жүргізу шешімдерін қабылдау үшін құқық қорғау органдарына 20 077,4 млн.теңге сомасына 37 материал берілді [35].

Ішкі аудит комитетінің ресми сайттардағы ақпараттарға сүйенетін болсақ соңғы үш жылда камералдық бақылау арқылы мемлекеттік сатып алулардағы бұзушылықтарды анықтаудың келесідей қорытындысын беруге болады (2-кесте).

2-кесте – Камералдық бақылаумен анықталған мемлекеттік сатып алу бұзушылықтары

	2019		2020		2021	
	Барлық қамтылған сатып алулар саны	Бұзушылықтар анықталған сатып алулар саны	Барлық қамтылған сатып алулар саны	Бұзушылықтар анықталған сатып алулар саны	Барлық қамтылған сатып алулар саны	Бұзушылықтар анықталған сатып алулар саны
	1 517 911	27 485	1 433 200	31 735	1 029 747	39 036
<b>Жалпы құны</b>	9 893 022,1 млн.теңге	801 542,2 млн.теңге	10,4 трлн.теңге	1 трлн. теңге	13,6 трлн.теңге	1,2 трлн.теңге

Ескертпе - Ішкі аудит комитетінің ресми сайтының ақпараты негізінде автормен құрастырылды [35]

2-кестеге сәйкес камералдық бақылау арқылы анықталған мемлекеттік сатып алуларды бұзушылықтардың жалпы құны артып отырғанын көруге болады. Яғни, мемлекеттік сатып алуды толықтай автоматтандырудың тиімділігі төмен және мемлекеттік сатып алу мамандарының бұзушылыққа жол беру фактілерін жоққа шығара алмаймыз.

Ішкі аудит органдарының камералдық бақылау қорытындыларына жүргізілген талдау негізінде мемлекеттік сатып алуды жүргізуде орын алатын бұзушылықтардың түрлері мен қандай кезеңдерде кездесетіндерін талдадым (3-кесте).

3-кесте – Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезеңдеріндегі бұзушылықтарға талдау

1-кезең Жоспарлау	2-кезең Конкурстық құжаттама мен техникалық ерекшелікті дайындау	3-кезең Конкурсқа өтінімдерді қарау	4-кезең Қорытындылау және келісім-шартқа отыру	5-кезең Келісім-шартты орындау және ақы төлеу
1. Артық бағаланған бюджетті жоспарлау	1. Тапсырыс берушілер техникалық ерекшелікті белгілі бір өнім берушелерге бағыттап нақтылайды	1. Конкурстық өтінімдерден негізсіз бас тарту 2. Берілген өтінімдерден бас тартуға байланысты конкурс өтпеді деп танылады және бір көзден сатып алуға негіз болып табылады	1. Келісім-шартты уақытылы жасаспау 2. Келісім-шарт жасасудан бас тарту	1. Тауар, жұмыс, қызметті қабылдаудан негізсіз бас тарту 2. Ақысын уақытында төлемеу
<b>Бұзушылықтардың орын алу себебі</b>				
1. Маманның кәсіби біліктілігінің төмен болуы 2. Заңнама мен нормативті-құқықтық актілерді білмеуі 3. Этика мен адал мінез-құлықтың төмендігі				

*Ескертпе - Ішкі аудит органдарының камералдық бақылау қорытындылары нәтижесінде жіберілген бұзушылықтарды жою бойынша шешімдерін талдау негізінде автормен құрастырылды*

Сатып алу кезеңдеріндегі орын алуы мүмкін бұзушылықтар орындаушының әдейі немесе білімі мен біліктілігінің жоқтығынан немесе аздығынан орын алуы мүмкін. Оны біз 2-кестеден сатып алуды ұйымдастыру кезеңдеріндегі анықталған бұзушылықтардан көріп отырмыз. Сонымен қатар тапсырыс берушінің кәсіби қағидаларын іске асырудағы тағы бір мәселе кәсіби мемлекеттік сатып алу мамандарының жұмыс істеуге төмен мүдделілігі болып



табылады. Себебі заңнамада белгіленген жауапкершілікке (соның ішінде қылмыстық және әкімшілік) қарамастан, бүгінгі күні тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алу қызметіндегі жұмыс беделі мен біліктілігі төмен жұмыс болып қалуда. Қызметкерлерде өз жұмысын жоғары сапалы орындауға ынта жоқ, олар сатып алынған тауардың сапасы үшін емес, өздері үшін ең аз қауіптермен жұмыс істейтіні анық. Ал сатып алынатын тауар, жұмыс, қызметтердің сапалы болуы сауатты жасалған техникалық сипаттамаға, конкурстық құжаттамаға, дұрыс ұйымдастырылған мемлекеттік сатып алу процедураларына байланысты болады.


2022 жылдың сәуір айының 25-не дейінгі мемлекеттік сатып алу порталының ақпаратына сәкес жалпы құны 189,7 млрд. теңгені құрайтын 11 607 сатып алулар болдырылмады. 600 млн. теңге шамасындағы 17 277 сатып алулардың қорытындыларына қайта қараулар болды [36]. Ал мемлекеттік сатып алу веб-порталынан мәлімет бойынша соңғы үш жылдағы сатып алулар мен болдырылмаған және құжаттамасы өзгертілген сатып алулардың саны келесідей: (4-кесте)

4-кесте – Мемлекеттік сатып алулар бойынша ақпарат

	2019	2020	2021
Барлық сатып алулардың саны	537 103	880 134	875 851
Жалпы құны	5 370,7 млн.теңге	5 752,2 млн.теңге	7 030,58 млн.теңге
Болдырылмаған сатып алулар	6354	8096	10095
Құжаттамасы өзгертілген сатып алулар	10959	11018	14726

*Ескертпе - Мемлекеттік сатып алу веб-порталынан ақпарат негізінде автормен құрастырылды [36]*


Болдырылмаған және құжаттамасы өзгертілген сатып алулардың динамикасына қарайтын болсақ жыл сайынғы өсімді көреміз. (13-сурет)



13-сурет – Сатып алулар динамикасы

*Ескертпе - Мемлекеттік сатып алу веб-порталынан ақпарат негізінде автормен құрастырылды [36]*

Сонымен қатар Ішкі аудит комитетінің ақпаратына сәйкес мемлекеттік сатып алу процестерін ұйымдастыру бойынша шағымдардың жыл сайын өсіп отырғанын көреміз. Шағымдардың өсуінің басты себебі орындаушылардың заңнама талаптарын сақтамай, бұзушылықтарға жол беруі болып табылады [35]. (14-сурет)



14-сурет – Мемлекеттік сатып алулар бойынша шағымдардың өсуі  
 Ескертпе - Ішкі аудит комитетінің ресми сайтының ақпараты негізінде автормен құрастырылды [35]

Жоғарыда аталған бұзушылықтардан басқа ең қауіпті әрі аса маңыздылыққа ие сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлері де бар. «Зерттеу» ғылыми-зерттеу институты» қоғамдық қорының жүргізген зерттеуі бойынша сыбайлас жемқорлықтың әрбір алтыншы фактісі мемлекеттік сатып алу саласына келеді екен [37]. Сарапшылардың айтуынша сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлері немесе сыбайлас жемқорлық қызығушылықтарының нысаны болып сол техникалық сипаттама табылады. Зерттелген 1258 техникалық ерекшеліктің тек 13 (1%) рәсімдеу талаптарына сай келген. Бұл тұрғыда эксперт техникалық ерекшеліктерді сапалы құрастыру үшін ауылдық деңгейдегі мемлекеттік сатып алушылардың біліктілігінің төмендігін атап өтті [37].

«Қазақстандағы мемлекеттік сатып алулар: тиімділікті арттыру мақсатында жүйені реформалау» ЭБДҰ-ның жүргізген шолудың тұжырымдамасына сәйкес Қазақстанның мемлекеттік қызметінде техникалық сауаттылықтың тиісті деңгейіне ие сатып алу мамандары аз деп атап өтіледі. Оған дәлел ретінде өнім берушілердің конкурстық құжаттаманы талқылау кезеңінде берген ұсыныстары негізінде өзгертілген техникалық ерекшеліктердің санының көптігін анықтау болып отыр [30].

Сыбайлас жемқорлық қазіргі заманғы Қазақстанда тіршіліктің барлық аспектілерін қозғайтын, соның ішінде мемлекеттік сатып алуды қоса алғанда, маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Электронды ұйымдастырылған сатып алуларды өткізу барысында сыбайлас жемқорлық құрамдары болуы мүмкін емес тәрізді көрінеді. Дегенмен бұл көп жағдайда факт болып табылмайды.

Тараптардың қызығушылықтарымен шарт жасасудың көптеген схемалары бар. Аталған салада сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлері бюджеттік ұйымның ішінен де, сонымен қатар өздерінің қызметтерін ұсынатын жоғары тұрған ұйымдар мен компаниялардың шешім қабылдауымен де орын алуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлерін бағалау кезінде мемлекеттік сатып алу процедураларын тек нормативті түрде бекітілген және оған тән анық сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлері мен көрсеткіштері тұрғысынан ғана емес, рәсімдердің барлық кезеңдерін жіті талдау керек. Яғни нормативті-құқықтық актілермен қарастырылған және шынайы практикалық түрде көрініс табатын қауіп-қатерлерді анықтау керек.

Сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлері зерттеу немесе мониторинг, бақылау, мемлекеттік мекеменің қажеттіліктерін қамтамасыз ету деңгейін тексеру барасында анықталуы мүмкін. Көп жағдайда осындай талдаулардан сатып алуды жүзеге асыру тәсілін таңдау, өнім берушіге шамадан тыс қысым көрсету немесе артықшылықтар беру, тауар, жұмыс, қызметтің бағасын өсіру, техникалық сипаттаманы арнайы мердігерге лайықтап құрастыру және т.б. қауіп-қатерлерді көре аламыз.

Осыған орай ішкі аудит органдарының камералдық бақылау қорытындыларына жүргізілген контент талдау негізінде мемлекеттік сатып алуды жүргізуде орын алатын сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлерін талдау барысында келесідей фактілерді анықтадым (5-кесте).

5-кесте – Мемлекеттік сатып алу циклінің әртүрлі кезеңдеріндегі сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлері

Кезеңдер		Сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлері
Сатып алуға дайындық кезеңіндегі қауіп-қатерлер	Қажеттілікті бағалау	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қажеттіліктерді дұрыс бағаламау</li> <li>• Лауазымды тұлғамен шешім қабылдау үрдісіне сырттан әсер ету</li> <li>• Келісім-шарт мәселелері бойынша бейресми келісім жасау</li> </ul>
	Бюджетті жоспарлау және қалыптастыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сатып алуды тиімсіз жоспарлау</li> <li>- сатып алулардың жалпы инвестициялық шешім қабылдау үдерісіне сәйкес келмеуі</li> <li>• Шынайы емес бюджетті жоспарлау немесе бюджеттің жеткіліксіздігі</li> </ul>
	Техникалық ерекшеліктерді\ талаптарды жасақтау	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Техникалық сипаттамаларды белгілі бір өнім берушілерге сәйкестендіру</li> <li>• Іріктеу критерийлерін объективті емес анықтау және кеш белгілеу</li> <li>• Қажет болмаса да тауарлар мен қызметтердің үлгілерін сұрату, бұл жоба сипаттамасындағы сатып алу туралы ақпаратқа әсер етуі мүмкін</li> </ul>

5-кестенің жалғасы

<p><b>Сатып алуларды жүргізу кезеңіндегі қауіп-қатерлер</b></p>	<p>Сатып алу тәсілін таңдау</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Конкурстық емес тәсілдерді таңдауға сенімді себептердің болмауы</li> <li>• Заңда көзделген ерекшеліктер негізінде конкурстық рәсімдерді теріс пайдалану: <ul style="list-style-type: none"> <li>- келісімшарттарды бөлшектеу, төтенше шұғылдықты теріс пайдалану, тиісті емес өзгерістер</li> </ul> </li> </ul>
	<p>Конкурстық өтінім\ұсыныстар беруге сұрау салы</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өтінім беру мүмкіндігі туралы ашық хабарландырудың болмауы: <ul style="list-style-type: none"> <li>- өтінімдерді қарау критерийлері және жеңімпазды анықтау туралы ақпараттың болмауы</li> <li>- сатып алулар туралы ақпаратты аспау және ашық дереккөздерде орналастырмау</li> </ul> </li> </ul>
	<p>Өтінім беру</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бәсекелестіктің болмауы немесе қатысушылардың сөз байласу жағдайлары (әдейі ұтылған конкурстық өтінімдерді беру арқылы бәсекелестіктің бар екенін көрсету, конкурстық өтінімдерді әдейі кері қайтарып алу, ең қолайлы шарттары бар конкурстық өтінімдерді бірінен соң бірін беру, нарықты бөлу)</li> </ul>
	<p>Өтінімдерді қарау</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өтінімдерді қарау кезіндегі мүдделер қақтығысы немесе сыбайлас жемқорлық, мысалы: <ul style="list-style-type: none"> <li>- ағымдағы сатып алулардан тыс сатып алулардың қатысушыларымен танысу</li> <li>- жеке қызығушылық, соның ішінде сыйлықтар немесе жұмысқа орналастыру</li> </ul> </li> </ul>
	<p>Жеңімпазды анықтау</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жабдықтаушылардың баға ұсыныстарында шығындарды немесе бағаларды дұрыс көрсетпеу, бұл келісім-шарт бағасының өсуіне әкеліп соқтырады (жоғарылатылған сомаға шоттар, пайданы жасанды түрде арттыру)</li> <li>• Шартты бекіту кезіндегі мүдделер қақтығысы және сыбайлас жемқорлық (қаржылық, шарттық және жобалық өкілеттіктерді тиімсіз бөлу)</li> <li>• Рәсімдерді растайтын құжаттаманың қол жетімсіздігі</li> </ul>
<p><b>Келісім-шарт жасасқаннан кейінгі қауіп-қатерлер</b></p>	<p>Келісім шартты орындау\орындалуын бақылау</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Шартты орындау кезінде өнім беруші тарапынан жасалатын теріс қылықтар, атап айтқанда сапаға, бағаға және мерзімдерге қатысты: <ul style="list-style-type: none"> <li>- мерзімдерді ұлғайтуды және (немесе) бағаларды көтеруді көздейтін шарт талаптарын елеулі өзгерту</li> <li>- тауарды ауыстыру немесе шарттық ерекшелікке сәйкес келмейтін жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің тиісті емес сапасы</li> <li>- жаңа мүлікті соңғы пайдаланушыға жеткізгенге дейін немесе балансқа қойғанға дейін ұрлау</li> <li>- мемлекеттік лауазымды адамдар тарапынан бақылаудың болмауы және (немесе) мердігерлер мен бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар арасындағы сөз байласу</li> </ul> </li> </ul>

5-кестенің жалғасы

		- қосалқы мердігерлер мен серіктестерді таңдау рәсімінің ашық болмауы немесе олардың тарапынан есеп берушіліктің болмауы
	Тапсырыстар және төлем	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қаржылық өкілеттіктердің қанағаттанғысыз бөлінуі және (немесе) мемлекеттік лауазымды тұлғалар тарапынан бақылаудың болмауы, осыдан туындайды:             <ul style="list-style-type: none"> <li>- дұрыс есепке алмау, шығыстарды тиісінше бөлмеу немесе шығыстарды басқа шарттардан көшіру</li> <li>- қойылған шоттар бойынша төлемді кешіктіру</li> <li>- жеткізілмеген тауарлар мен қызметтер үшін шоттарды бұрмалау немесе қайталау немесе алдын ала төлем жасау үшін</li> </ul> </li> </ul>

*Ескертпе - Ішкі аудит органдарының камералдық бақылау қорытындыларын талдау негізінде автормен құрастырылды*

Жоғарыдағы 5-кестеге назар аударсақ, сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлері сатып алу үдерісінің барлық кезеңдерінде орын алуы мүмкін екенін көреміз. Жоғарыда атап өткенімдей бұл қауіп-қатерлер нормативті-құқықтық актілерді білмегендіктен, білім мен біліктіліктің төмендігінен, маманның немесе басшылықтың мақсатты түрде осындай әрекеттерге баруынан болады. Көп жағдайларда орындаушының этика мен адал кәсіби мінез-құлқы маңызды рөл ойнайды. Сонымен қатар орындаушы мемлекеттік сатып алу кезеңдерінің әрқайсысына тиісті жемқорлық қауіп-қатерлерін шешім қабылдау барысында сезініп, түсіне білуі қажет.

Қауіп-қатерлерді талдау шешім қабылдаудың орындылығын бағалауға және ықтимал шығындарды болдырмауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қауіп-қатерлер мен олардың салдарын анықтау кезінде, ең алдымен, қауіптер мен қатерлерді қалыптастыру қажет. Әрбір қауіп-қатер басқаларға тәуелсіз оқиғамен ұсынылуы керек. Қауіп-қатерлерді бағалау және оларды азайту шараларын қабылдау үшін сатып алуды жүзеге асыру процесінің кезеңдері мен қатысушы тараптар туралы ақпаратты алдын-ала жинау үлкен рөл атқарады.

Сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлері мынадай жағдайларға әкелуі мүмкін:

- қаржылық шығындарға - мемлекеттік тапсырыс берушіге тиімсіз шарттармен келісім-шарт жасасу;
- сапалық шығындар - тапсырманы қалыптастыру және келісім-шартты орындау кезінде техникалық шарттардың бұзылуы;
- сандық шығындар - жеткізілетін мемлекеттік сатып алу көлемін қажетті көлеммен салыстырғанда жоғарылату немесе төмендету.

Шығындар қауіпін анықтау үшін қандай шығындар болуы мүмкін екенін нақты түсініп, оларды алдын-ала есептей білу керек. Ол үшін сатып алу қызметін атқарып отырған мамандардың тиісті қажетті деңгейдегі білімі мен біліктілігі, этика мен адал мінез-құлқы болуы аса маңызды.

Мемлекеттік қызметкерлерді, әсіресе сатып алуларға жауапты адамдарды этикаға және кәсіби адалдыққа тәрбиелеу олардың мемлекеттік ұйымдардағы адалдық мәдениетінің маңызды элементтері болып табылатын сана-сезімін, білімін, сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлері туралы хабардар болып отыруын

және жауапкершілігін арттыруы мүмкін. Адал мінез-құлық пен этикаға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетке оқыту әлемнің көптеген елдерінде сыбайлас жемқорлықтың алдын-алуға және мемлекеттік қаражатты тиімді басқару мақсатында өткізіледі. Мысалы Германия, Франция сияқты елдерде мемлекеттік қызметтегі сатып алу мамандарын адал кәсіби іс-әрекетке тәрбиелеу бойынша арнайы оқулар ұйымдастырылады [30].

### Қазақстандағы мемлекеттік сатып алуды кәсібилендірудің перспективаларына талдау

Жалпы стратегиялық мақсаттар призмасы арқылы мемлекеттік сатып алуды қарастыру үшін мемлекеттік сатып алудың стратегиялық аспектісінің артықшылықтарын игерудің негізгі кілті кадрлық әлеует екенін ескеру қажет. Көптеген елдерде мемлекеттік саясат және стратегия шеңберінде қойылған мақсаттарды орындауға тікелей бағытталған мемлекеттік сатып алу саласындағы кадрлық әлеуетті дамыту бойынша арнайы стратегия қолданылады.

Қазақстанда Мемлекеттік сатып алу басқармаларын құрудың ең әуелгі міндеттерінің бірі сатып алу мамандардың кәсіби деңгейін көтеру болды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша барлық мемлекеттік сатып алудың көлемі 5,9 трлн. теңгені құрады (2019 – 4,2 трлн.теңге, 30%-ға арттық), ал 2021 жылы 7,1 трлн. теңге, (2020-5,9 трлн.теңге, 25%-ға арттық). Мемлекеттік сатып алулардан үнемделген қаражат 2020 жылы 448 млрд. теңге. Ал соңғы 3 жылдағы үнемделген қаражаттың жалпы соммасы 1 трлн. теңгені құрайды [38]. (15-сурет)



15-сурет – Мемлекеттік сатып алулар бойынша 2020 жылдың қорытындысы  
*Ескертпе - ҚР Мемлекеттік сатып алулары веб-порталдан алынған ақпарат негізінде автормен құрастырылды [36]*

Осылайша, 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында сатып алудың жалпы көлемі 3,7 трлн теңгені құрады немесе 2018 жылдың бірінші жартыжылдығындағы көрсеткіштен 8%-ға аз. 2020 жылдың алты айында мемлекеттік сатып алу көлемі бір жыл бұрынғыдан (2019) 4%-ға аз болды. Бір жылдың статистикасы дәл осындай үрдісті көрсетеді: 2020 жылы сатып алу көлемі 5,9 трлн теңгеге жетті, бұл 2018 жылдың қорытындысынан 14,7%-ға аз. Бұл ЖІӨ құрылымында шамамен 7,1%-ды құрады, ал 2018 жылы ЖІӨ-дегі мемлекеттік сатып алу үлесі 5,4%-ды құрады.

Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу жүйесі – үкіметпен мемлекеттік қызметті реформалаудың негізгі құрамдас бөлігі. Озық тәжірибені қалыптастырып және оны қолдануды біріздендіру үшін басшылық қағидаларын жасақтау мақсатты болып табылады. Мемлекеттік қызметтегі кадрлық әлеуетті ары қарай дамыту тиісті оқытуларға қажеттілікті қанағаттандыруды талап етеді. Кадрлық әлеуеттің қажеттілігін анықтау үшін мемлекеттік сатып алумен айналысатын кадрлардың мықты және әлсіз тұстарын түсіну алғашқы қадамдардың бірі болады.

Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу мамандарының жай-күйін және болашақ перспективаларын барлық мықты және әлсіз тұстары, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлері егжей-тегжейлі келтірілген SWOT-талдаудың көмегімен толық көрсетуге болады (6-кесте).

6-кесте – Мемлекеттік сатып алу мамандарының жай-күйіне SWOT-талдау

<b>Мықты жақтары</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- сатып алу мамандарының білімінің алуан түрлілігі;</li> <li>- орталық және өңірлік деңгейде сатып алу мамандарының әлеуетінің жоғары болуы;</li> <li>- мемлекеттік мекемелердің сұранысы бойынша Қаржы министрлігі (яғни, оның қарамағындағы «Электрондық коммерция орталығы») электрондық сатып алу платформасына қатысты практикалық оқыту;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- техникалық сауаттылықтың тиісті деңгейін игерген мемлекеттік қызметте сатып алу мамандары аз;</li> <li>- пәнаралық дағдылар мен білім және тиісті дайындық деңгейі төмен;</li> <li>Қазақстанда оқытудың арнайы бағдарламасы жоқ;</li> <li>- сатып алу жүйесінде мансаптық схема құру мүмкіндігі қадағаланбайды, меритократия қағидасы жоқ;</li> <li>- мемлекеттік сатып алуға қатысты міндеттер бөлек мамандық болып табылмайды;</li> <li>- үстеме жұмыс факторлары ынтаны төмендетеді;</li> <li>- этика мен адал кәсіби мінез-құлықтың төмен деңгейі;</li> <li>- ұйымның мүддесіне сай келетін саладағы техникалық ерекшеліктерді әзірлеуге және бағалауға қатысты кейбір нақты салаларда жаңартылған білім көлемінің болмауы;</li> </ul>
<b>Мүмкіндіктері</b>	<b>Қауіп-қатерлер</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- қызметкерлердің білімі мен дағдыларын сертификаттау;</li> <li>- мемлекеттік сатып алуда талап етілетін әртүрлі дағдылар жиынтығын қалыптастыру;</li> <li>- оқыту, әлеуетті дамыту, кәсібилендіру стратегияларын және бағдарламаларын әзірлеу;</li> <li>- әлеуетті арттыру қажеттіліктерін бағалау;</li> <li>- мемлекеттік сатып алу жүйесіне білікті мамандарды тарту;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мемлекеттік сатып алулардағы жұмыстың күрделене түсуі;</li> <li>- сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлері;</li> <li>- қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылу;</li> <li>- мемлекеттік сатып алу үшін қажетті кәсіби деңгейдің жеткіліксіз болып қалуы;</li> <li>- заңдағы олқылықтар, жиі өзгерістер;</li> <li>- қаржылық шығындар, мемлекеттік қаражатты тиімсіз пайдалану;</li> </ul>

6-кестенің жалғасы

<ul style="list-style-type: none"> <li>- мемлекеттік сатып алуды жеке кәсіп ретінде тану;</li> <li>- мамандардың қызығушылығын оятатын мансаптық перспективаларды қалыптастыру және ұсыну;</li> <li>- мемлекеттік сатып алу мамандарынан эксперттік пул қалыптастыру;</li> <li>- сатып алушыларды жобалық топтарға енгізу;</li> <li>- сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу;</li> <li>- мемлекеттік қаражатты тиімді басқару;</li> <li>- «көшбасшылық тобын» құру және оның жұмысын қолдау арқылы озық тәжірибені қалыптастырып және оны қолдануды біріздендіру;</li> <li>сатып алуды автоматтандыру;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- сатып алу рәсімдерінің кезеңдерінде қателіктердің орын алуы;</li> <li>- сапасыз сатып алулар;</li> <li>- оқыту қажеттіліктерін толық қанағаттандырмау;</li> <li>- қосымша семинарлар үшін әкімдіктердің қомақты шығындар жұмсауы;</li> <li>әлеуетті арттыру және сатып алу функциясын кәсібилендірудің жалпы стратегиясының болмауы;</li> </ul>
--	--

*Ескертпе - Жоба барысында жүргізілген талдаулар, ЭЫДҰ шолуы және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу жүйелерін бағалаудың қорытындысы негізінде автормен құрастырылды [30], [31]*

6-кестеге сәйкес мемлекеттік сатып алумен айналысатын мамандардың әлсіз және мықты тұстарын анықтау оларды даярлаудың қолда бар шараларын бейімдеуге ықпал етуі мүмкін және мемлекеттік сатып алу жүйесінің қажеттіліктеріне сай әлеуетті дамытуға мүмкіндік береді деп айтуға болады. Себебі бұл талдау басым бағыттар мен екінші деңгейлі аспектілерді анықтауға мүмкіндік береді.

Кадрлық әлеуетті дамыту тұрғысынан алатын болсақ мамандардың кәсіби біліктілігі мен білімін дамыту медальдің тек бір жақ беті ғана. Ал екінші жағында жүйеге жоғары білікті мамандарды тарту мәселесі тұр.

Жоғары білікті мамандарды жүйеге тарту үшін оларға ең алдымен қызығушылықтарын тудыратын тартымды мансаптық перспектива ұсыну қажет. Ал мансаптық перспективаларды құру мен мамандардың қызығушылығын ояту үшін мемлекеттік сатып алуды бөлек мамандық ретінде тану қажет. Қазақстанда қазіргі кезде мемлекеттік сатып алу бөлек мамандық ретінде қарастырылмаған. Сол себепті мемлекеттік сатып алу қызметі әлі күнге дейін басқарушылық қызметпен шектеліп отыр. Негізінен мемлекеттік сатып алуды стратегиялық қызмет ретінде тану бірнеше жаңа мүмкіндіктерді ашады. Соның ішінде кадрлық әлеуетті дамыту тұрғысынан алатын болсақ, онда ол барлық мамандықтарға тән арнайы лауазымдық нұсқаулықты, біліктілік жүйесін, иерархия мен басқа да аспектілерді жасақтауды көздейді. Қазір мемлекеттік сатып алумен айналысатын мамандарының білімдері алуан түрлі. Салаға қажетті құзыреттіліктер мен дағдылардың нақты жүйесінің болуы жұмысшыларды тартуға, кадрлық әлеуетті дамытуға, сонымен қатар мамандықтың одан әрі беделді болуына ықпал етеді.

Мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі мансап беделді болып көрінуі үшін қызметтік ілгерілеудегі меритократиялық қағидаларды қарастыру қажет. Жалпы Қазақстандағы мемлекеттік қызметте мемлекеттік қызметшілердің ынтасын



төмендететін ең негізгі екі кедергі бар, олар – әлеуметтік жәрдемақылар мен мансаптық көтерілудің перспективасының жетіспеушілігі.

Ол үшін мемлекеттік сатып алу жүйесінің жұмысшыларын ынталандыратын мансаптық өсу құралдарын және өз ісінде жетілу мүмкіндіктерін жасақтау керек.

Мемлекеттік сатып алумен шұғылданатын мамандардың білімі мен біліктілігін сертификаттау олардың кәсіби деңгейінің көтерілуінің тиімді әдісі болуы мүмкін.

Мемлекеттік сатып алуды кәсібилендірудің перспективаларына кадрлық әлеуетті дамыту стратегияларын жасақтау керек және оның шеңберінде сатып алуды ұйымдастырушы мамандарға қажет білім мен дағдылардың ортақ жүйесін қалыптастыру қажет.

## Ұсыныстар

Магистрлік жоба шеңберінде жүргізілген талдаулардың нәтижесінде шешуді талап ететін келесідей бірқатар жүйелі мәселелер анықталды, оларға:

- сапасыз өткізілетін сатып алулардың және сыбайлас жемқорлық заң бұзушылықтарының басты себептерінің бірі болып табылатын мемлекеттік сатып алу мамандарының қажетті деңгейдегі білімі мен дағдыларының, дайындық деңгейінің төмендігі;

- техникалық сауаттылықтың тиісті деңгейін игерген мемлекеттік қызметте сатып алу мамандарының аздығы;

- Қазақстанда оқытудың арнайы бағдарламасының жоқтығы;

- мемлекеттік сатып алудың кәсіби мамандық болып табылмауы;

- мамандарды сертификаттаудың ескерілмегендігі;

- сатып алу кадрларын есепке алудың болмауы, сапалық құрамының талданбауы;

- сатып алу мамандарының қазіргі таңда ұйымдастырылып жатқан оқытулардың жеткіліксіз және тиімсіздігіне наразылық білдіруі;

- сатып алу мамандарының кадрлық әлеуетін арттыру және сатып алу функциясын кәсібилендірудің жалпы стратегиясының болмауы жатады.

Сонымен қатар зерттеу барысында мамандарды оқыту әдістері мемлекеттік сатып алу жүйесін басқаруды жетілдіруге, сапалы және тиімді сатып алуларды өткізуге ықпал етуі мүмкін деген магистрлік жобамның болжамы ішінара өз растауын тауып отыр.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде мемлекеттік сатып алу мамандарын даярлау, біліктілігін арттыру бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу мақсатында келесідей ұсынымдар ұсынылады:

**Бірінші:** *«Электронды қаржы орталығы» АҚ негізінде оқыту орталығын құру.*

1. Мемлекеттік сатып мамандарының білімі мен кәсіби біліктілігін арттырып, қажетті дағдыларын қалыптастыратын, стратегиялық, басқарушылық, операциялық, әкімшілік функцияларды қамтитын модульдік арнайы оқыту бағдарламаларын жасақтау керек.

2. Қызметке жаңадан қабылданған мамандарды міндетті алғашқы даярлау курсынан өткізіп, оқу қорытындысы бойынша емтихан алу қажет.

3. Емтиханның оң нәтижесін алған мамандарды сертификаттау керек.

**Тиімділігі:** Сапалы сатып алуларды ұйымдастыратын сертификатталған кәсіби білікті мамандарды даярлап шығару. Мемлекеттік сатып алу мамандарын оқытуды жүйелеу. Мамандарды сертификаттау. Кәсібилендіру.

**Екінші:** *Орта арнаулы білім беру ұйымдарында оқыту.*

1. Орта арнаулы білім беру ұйымдарында оқу бағдарламасында міндетті қолданбалы курс негізінде негізгі мамандыққа қосымша «Мемлекеттік сатып алу» курсы оқыту және сертификаттау енгізу ұсынылады.

**Тиімділігі:** Сапалы сатып алуларды ұйымдастыратын сертификатталған кәсіби білікті мамандарды даярлап шығару. Мемлекеттік сатып алу мамандарын оқытуды жүйелеу. Мамандарды сертификаттау.

**Үшінші:** *Мемлекеттік сатып алу мамандары туралы мәліметтер базасын құру.*

1. Мемлекеттік сатып алу порталынан қосымша қолданба ашып, тіркелген мемлекеттік органдардың тізімінің негізінде (штат санын көрсете отырып) мемлекеттік сатып алу мамандарын тіркеу және оларды есепке алуды жүргізу керек.

2. Осы қолданбада оқу бағдарламасы, жоспарланған курстар мен семинарлар туралы ақпарат, кадрлық құрам туралы ақпарат, эксперттер мен көшбасшылар тобы туралы ақпарат, заңнама мен практикалық функцияларға қатысты ұсыныстар қабылдау терезесі, мемлекеттік сатып алуға қатысты түсіндірме-консультативтік жұмыстар жүргізу блогын орналастыруды ұсынамын.

**Тиімділігі:** Нәтижесінде мемлекеттік сатып алу мамандарының кадрлық құрамына талдау жүргізу және сертификатталған мамандар туралы мәліметтер базасын құру, эксперттік пул мен көшбасшылар тобы туралы ақпарат алу, кері байланыс құру, мамандарға дер кезінде көмек көрсету арқылы бұзушылықтар мен олқылықтарды болдырмау мүмкін болады.

**Төртінші:** *«Көшбасшылық тобын» және «Сарапшылар пулын» жасақтау.*

1. Оқытылған, тәжірибелі мамандар арасында тестілеу арқылы ең үздік мамандарды анықтау және үлгілі тәжірибесі негізінде бірнеше кезеңдерден тұратын іріктеу арқылы *«Көшбасшылық тобы»* мен *«Эксперттік пул»* құрамын жасақтау.

**Тиімділігі:** *«Көшбасшылық тобының»* көмегімен озық тәжірибені қалыптастырып және оны қолдануды біріздендіру мүмкіндігі. Сонымен қатар оқу орталығының жұмысын жеңілдету мақсатында түсіндірме-консультативтік жұмыстар жүргізу қызметіне және *«Жобалық басқару»* бойынша жүргізілетін жобаларға тарту мүмкіндігі.

Үкіметтің әртүрлі органдарымен жүзеге асырылатын құны жоғары жобалар мен қауіп-қатерлері жоғары стратегиялық маңызды сатып алуларға көмек көрсету мақсатында *«Сарапшылар пулының»* қызметін іске қосу.

«Электронды қаржы орталығы» АҚ негізінде құрылатын оқыту орталығымен мемлекеттік сатып мамандарын қайта даярлау бойынша автормен құрастырылған арнайы модульдік оқыту бағдарламасын ұсынамын. Оқу бағдарламасы «Мемлекеттік сатып алу саласында өз қызметін жүзеге асыратын жұмыскерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын» [32] негізге ала отырып жасақталды. Оқу бағдарламасы 6 модульден тұрады және сатып алу саласының барлық аспектілерін қамтиды. Сабақтар лекция, тәжірибелік және өзіндік жұмыс, бақылау болып бөлінеді. Оқу жоспарының негізгі мақсаты тәжірибеге бағытталған оқыту болып табылады. Сондықтан 1 айға жоспарланған 176 академиялық оқу сағаттарының 60 сағаты тәжірибелік, ал 38 сағаты өзіндік жұмысқа арналған. (7-кесте)

7-кесте – Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыратын мамандарды қайта даярлаудың модульдік оқу бағдарламасы

<p><b>«Мемлекеттік сатып алуларды басқару» базалық курс</b> Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыратын мамандарды қайта даярлаудың оқу бағдарламасы</p>	
<p><b>"Мемлекеттік сатып алуларды басқару"</b> курсы сатып алуды ұйымдастыру және жүзеге асыру бойынша мамандардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған және жаңадан бастаушыларға және қайта даярлаудан өтпеген тәжірибелі мамандарға арналған.</p>	
<p><b>Курстың мақсаты:</b></p>	<p>Республикалық және өңірлік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды реттейтін қолданыстағы заңнама саласында жүйелі және өзекті білім беру және сатып алудың тиімділігін арттыру мақсатынды оны қолдану тәжірибесін қалыптастыру.</p>
<p><b>Курстың міндеті:</b></p>	<p><b>Курсты оқу нәтижесінде білім алушылар білуі керек:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мемлекеттік тапсырыстар жүйесінің негізгі ұғымдары мен элементтерін;</li> <li>- мемлекеттік сатып алу заңнамасын;</li> <li>- сатып алуды ұйымдастырудың негізгі принциптерін.</li> </ul> <p><b>Осы курсты оқу нәтижесінде білім алушылар мынадай түсінік алуы керек:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мемлекеттік сатып алу жүйесінің қазіргі даму тенденциялары туралы;</li> <li>- конкурстар мен сатып алуларды өткізу тәртібі мен шарттары;</li> <li>- сатып алу мамандарының жауапкершілігі мен этика, адал мінез-құлық әрекеттері.</li> </ul> <p><b>Курсты оқу нәтижесінде білім алушылар мынадай практикалық дағдыларды меңгеруі керек:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге қажеттілікті анықтау және сипаттау;</li> <li>- сатып алынған өнімнің өзіндік құнын есептеу және негіздеме дайындау;</li> <li>- сатып алу параметрлерін анықтау (жеткізушіні анықтау тәсілі);</li> <li>- жоспарлау құжаттарын жасау;</li> <li>- сатып алуды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды дайындау;</li> <li>- мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ақпараттық саласында жұмыс істеу;</li> <li>- жеткізушіні анықтау тәсілдерін жүзеге асыру, оның ішінде сатып алу жөніндегі комиссияның мүшесі ретінде әрекет ету;</li> <li>- ұйымның сатып алу процесін ұйымдастыру;</li> <li>- республикалық және өңірлік деңгейде мемлекеттік тапсырыстар жүйесін басқару мәселелерін зерттеу мен шешуде жүйелі тәсілді қолдану;</li> </ul>
<p><b>Сағат саны:</b></p>	<p><b>Базалық курс 176 академиялық сағат (1 ай).</b></p>
<p><b>Оқыту түрі:</b></p>	<p>күндізгі (өндірістен қол үзіп), онлайн (Zoom платформасы негізінде).</p>
<p><b>Тындаушылардың санаты:</b></p>	<p>мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыратын, сатып алу саласында мониторинг пен бақылауды жүзеге асыратын жоғары</p>

## 7-кестенің жалғасы

	немесе орта арнаулы білімі бар мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері.					
	Курсты сәтті аяқтаған кезде I деңгейлі (бастауыш деңгей) сертификаты беріледі.					
Модуль	Тақырып атауы	Жалпы сағат саны	Сағат саны			Бақылау түрі
			Лекция	Тәжірибелік жұмыс	Өзіндік жұмыс	
<b>1 МОДУЛЬ</b> Мемлекеттік сатып алу негіздері және оның мемлекеттік қаржы саласындағы орны	Республикалық және жергілікті қажеттіліктер, қызығушылық, тенденциялар. Мемлекеттік тапсырыс түсінігі, мәні. Мемлекеттік тапсырыс функциялары. Мемлекеттік сатып алу жүйесінің иерархиялық деңгейлері. "Мемлекеттік мүдде" ұғымы. "Мемлекеттік сатып алу" ұғымы. Мемлекеттік шығыстар түсінігі. Мемлекеттік сатып алу субъектісі және нысанасы. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру модельдерінің мәні.	<b>16</b>	10	2	4	Сынақ

## 7-кестенің жалғасы

<p><b>2 МОДУЛЬ</b></p> <p>Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін НҚА базасы</p>	<p>ҚР Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырудың құқықтық негіздері. Мемлекеттік сатып алудың заңнамалық базасы. Сыртқы әсерлерді талдау, шығындар-пайда. Мемлекеттік сектордағы инвестициялық шешімдер. Мемлекеттік сектордың дисконттық мөлшерлемесін анықтау.</p>	16	10	2	4	Сынақ
<p><b>3 МОДУЛЬ</b></p> <p>Сатып алуды жоспарлау және негіздеу</p>	<p>Мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметтің ерекшеліктері. Сатып алу жоспарының құрылымы. Сатып алу стратегиясының функционалдык бағыттары. Мемлекеттік сатып алуды қалыптастыру кезеңдері. Баға белгілеуді сұрату.</p>	30	8	16	6	Сынақ
<p><b>4 МОДУЛЬ</b></p> <p>Сатып алуды ұйымдастыру және жүзеге асыру</p>	<p>Сатып алуды өткізу. Мемлекеттік келісімшарт. Конкурстық және конкурстан тыс рәсімдер. Сатып алулардың тәсілдерін таңдау. Электрондық</p>	80	32	32	16	Сынақ

## 7-кестенің жалғасы

	нысандағы аукциондар. Монополияға қарсы сатып алуға қойылатын талаптар.					
<b>5 МОДУЛЬ</b> Мониторинг, бақылау, аудит және сатып алуға қатысушылардың құқықтарын қорғау	Мемлекеттік сатып алуды өткізуді бақылау және мониторингтеу, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау. Уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметі. Сот отырыстарына қатысу.	<b>16</b>	8	4	4	Сынақ
<b>6 МОДУЛЬ</b> Қауіптер, сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі, этика мен адал мінез-құлық әрекеттері	Сатып алу кезіндегі бұзушылықтар, бұзушылықтардың орын алу кезеңдері, сыбайлас жемқорлық қауіптері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік.	<b>16</b>	8	4	4	Сынақ
<b>Барлығы:</b>		<b>174</b>	<b>76</b>	<b>60</b>	<b>38</b>	
<b>Қорытынды аттестациялау</b>		<b>2</b>		<b>2</b>		Емтихан
<b>Жалпы сағат саны:</b>		<b>176</b>	<b>76</b>	<b>62</b>	<b>38</b>	

Ескертпе - Автормен құрастырылды

Қайта даярлаудың оқу процесі үшін орындалатын рәсімдердің тізбесін келесі кестеден көре аласыздар. (8-кесте)

8-кесте – Қайта даярлаудың оқу процесі үшін орындалатын рәсімдер

№	Атауы
1.	Оқуға үміткердің өтінішін қабылдау, тіркеу және білім беру қызметі туралы шарт жасасу
2.	Білім алушыны базалық білім беру курстарына қабылдау
3.	Білім беру қызметін ұсыну шарттары
4.	Білім беру қызметін ұсыну
5.	Көрсетілетін білім беру қызметінің нәтижесі


*Ескертпе - Автормен құрастырылды*

8-кестеде мамандардың қайта даярлаудың базалық курсынан өтуі үшін қажетті рәсімдерден өтудің кезеңдері көрсетілген.

Ары қарай 9-кестеден оқу процесі үшін орындалатын рәсімдердің алгоритмдерін көре аласыздар. (9-кесте)


9-кесте – Рәсімдерді орындау схемасы (алгоритмдері)

**1-рәсім:** оқуға үміткердің өтінішін қабылдау, тіркеу және білім беру қызметін көрсету туралы шартты ұсыну







**2-рәсім:** білім алушыны қайта даярлау курсына қабылдау




**3-рәсім:** білім беру қызметін ұсыну шарттары




**4-рәсім:** білім беру қызметін ұсыну



9-кестенің жалғасы



**5-рәсім:** көрсетілетін білім беру қызметінің нәтижесі



*Ескертпе - Автормен құрастырылды*

Мемлекеттік сатып алу мамандарын міндетті қайта даярлау бойынша базалық курстан өткізу оқу бағдарламасына сәйкес 176 академиялық сағаттан тұратын 6 модульды қамтиды. Базалық курс 1 айға созылады және бастапқы кезде жылына 1 оқытушыға 11 курстан өткізу жоспарланады. Бір курста 20 маманды оқыту арқылы жылына 1100 маманды қамту жоспарланады. Ең алдымен әкімшілік мемлекеттік қызметкерлерін, одан кейін денсаулық сақтау мекемелерін, одан кейін білім беру ұйымдарының мамандарын оқыту жоспарланады.

Оқу орталығында сабақ өткізу үшін орынжайды жалға алу, техникалық құралдар, жиһаз сатып алу, қажетті дайындық жұмыстарын жүргізу қажет болады. Сонымен қатар орынжайды жалға берушімен арада анықталған орынжайдың мекенін өзгерте беру қаупінің алдын алу мақсатында ұзақ мерзімге келісімшарт жасасу көзделеді. Білім беруді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін іске асыруға жауапты тапсырыс берушілер қызметкерлерінің қатарынан практикалық тәжірибесі бар мамандарды өткізеді.

Оқу орталығының негізгі стратегиялық бағыты сапалы сатып алуларды ұйымдастыру арқылы мемлекеттік қызметті атқару үшін сапалы тауар, жұмыс, қызметті сатып алатын, бюджет қаражатын тиімді жұмсайтын мемлекеттік сатып алу мамандарының білімі мен біліктілігін арттыру болып табылады. Сол арқылы оқу орталығы мемлекеттік сатып алудың қажетті деңгейін қамтамасыз ету мүмкін болады.

Оқу орталығын ашу бойынша алғашқы базалық қаржылық есепті келесі кестеден көруге болады. (10-кесте)

10-кесте – Жобаның алғашқы базалық қаржылық есебі

Атауы	Саны	Бюджеті (мың теңге)
Кабинет	5	750 000 (жалдау)
Директор	1	Ай сайынғы жалақы 300 000
Мұғалім	5	1 250 000
<b>Техникалық құралдар</b>	<b>15</b>	<b>2 900 000</b>
компьютер	5	1 250 000
проектор	5	1 500 000
принтер	5	150 000
<b>Жиһаз</b>	<b>45</b>	<b>1 100 000</b>
үстел	5	500 000
парта	20	400 000
орындық	20	200 000
Канцелярия тауарлары		70 000
<b>Барлығы</b>		<b>6 370 000</b>

*Ескертпе - Автормен құрастырылды*

## Қорытынды

Мемлекеттік сатып алу саласы мемлекеттік бюджеттің орындалуының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан сала осы қызметтерді орындаушы мамандардан белгілі бір білім мен білік, дағдылардың болуын талап етеді. Қызметкердің жалпы алғанда қаржы, бухгалтерлік есеп, экономика, юриспруденция, техника, медицина және т.б. әртүрлі салалардан білімі болуы керек. Сонымен қатар қызметкер мұқият, ұқыпты, тез үйренгіш, стресске төзімді, аналитикалық ойлау қабілеті бар, этика мен адал мінез-құлықтың жоғары деңгейіне ие болуы керек. Себебі мемлекеттік бюджет қаражатының қаншалықты сауатты жұмсалуды олардың білімі мен кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты.

Магистрлік жобамның аясында мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілуіне себеп болатын негізгі факторларды анықтау барысында саланың тиімді қызмет етуінің негізгі қозғаушы күші, яғни негізгі іргетасы болып табылатын мамандардың кәсіби деңгейі мен даярлығының төмен екендігіне тап болдым. Кез келген саланың тиімді қызмет атқаруына оны реттеуші нақты орныққан заңнама мен тұрақты нормативті-құқықтық актілерден басқа институционалдық басқару мен мамандардың дайындығы орасан зор ықпал етеді.

Жоба аясында мемлекеттік сатып алу теориялық білімдеріне, мемлекеттік сатып алу мамандарының шет елдерде даярлануына шолу, сатып алу мамандарының арасында сауалнама, кадрлық және сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлеріне, кадрлық әлеует пен кәсібилендіру перспективаларына, мамандардың мықты және әлсіз тұстарына, кадрларды даярлаудың мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлеріне талдау жасадым. Сонымен қатар ЭЫДҰ-ның «Қазақстандағы мемлекеттік сатып алулар: тиімділікті арттыру жүйесін реформалау» және Дүниежүзілік банктің және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Ислам даму банкі және Азия даму банкі басшылығымен жүргізілген «Қазақстан Республикасының және «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның мемлекеттік сатып алу жүйелерін бағалауын зерделедім.

Зерттеу нәтижесінде сатып алу саласының Заңнамасына жиі өзгерістер енгізіліп отыратынына, сатып алулардағы жұмыстың күрделене түсуіне және сатып алуларға келетін сыбайлас жемқорлықтың көлемінің жоғары болуына қарамастан Қазақстанда әлі де болса сатып алу мамандарының кәсіби дайындық деңгейіне, білімі мен қажетті дағдыларына, этика мен адал-мінез құлықты болуына тиісті деңгейде көңіл бөлінбейді. Қаржы министрлігінің «Электронды қаржы орталығы» АҚ-мен жылына 1 немесе 2 рет ұйымдастырылатын семинарлардың тиісті деңгейде дайындық беретін тиімділігіне мамандар тарапынан назарылық білдіру бар. Көп жағдайда мамандар сатып алуды өздігінен және әріптестерінен үйренеді, ал сатып алу тақырыбында өткен біліктілікті арттыру курстарынан пайдалы білімнің аз және қажетті деңгейді қамтамасыз етпейтінін атап көрсетті. Мемлекеттік қызметте қызмет етудің негізгі мәселелеріне ынталандырудың жоқтығы және шамадан тыс үстемемен

жұмыс атқару, мансаптық өсудің қарастырылмағандығы да ықпал етіп отыр. Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңға енетін өзгерістердің жиілігіне және жүйенің автоматтандырылғанына қарамастан сатып алу кезеңдерінде орындаушының тарапынан орын алуы мүмкін қателіктер мен олқылықтардың тізімі өте көп. Оған мамандардың біле тұра әдейі шешім қабылдауы немесе білімі мен дағдыларының төмендігі себеп бола алады.

Сатып алу жүйесін жетілдірудің ең маңызды құралы болып табылатын мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру, оларды оқыту, даярлау, қажетті дағдыларын қалыптастыру үшін келесідей ұсынымдар ұсынылады:

- «Электронды қаржы орталығы» АҚ негізінде оқыту орталығын құру;
- мемлекеттік сатып алу мамандары туралы мәліметтер базасын құру;
- «Көшбасшылық тобын» және «Сарапшылар пулын» жасақтау;
- Орта арнаулы білім беру ұйымдарында қолданбалы курс негізінде «Мемлекеттік сатып алу» курсы оқыту;
- мамандарды сертификаттау;

Ұсынылған ұсынымдардың негізінде мемлекеттік органдарда маман тапшылығын болдырмау және кәсіби білікті және құзыретті мамандарды қабылдау арқылы сапалы сатып алуларды жүргізу, мемлекеттің қажеттілігін тиімді бағадағы сапалы тауар, жұмыс, қызметпен қамтасыз ету орын алады.

Сатып алу саласындағы мамандардың білім мен біліктілігінің стандарттарын қалыптастырудың тиімділігіне мамандарды міндетті қайта даярлау курстарынан өткізу, дағдыларын дамыту, кәсіби құзыреттілік, білім мен біліктіліктің стандартты талаптарын жасақтау және енгізу, сатып алу саласындағы кадрлық әлеует пен құзыреттілікті бағалау құралдарын қолдану әдістері аса маңызды болып табылады.

Мемлекеттік сатып алумен айналысатын мамандардың біліктілігін үздіксіз жетілдіру арқылы кәсіби деңгейін жоғарылату және оқыту арқылы сертификаттау мамандарды жоғары кәсіби дағдыларды игеріп, адал және шын ниетімен қызмет етуге ұмтылуға ынталандырады. Сонымен қатар мемлекеттік басқару жүйесіндегі мемлекеттік сатып алудың мамандық ретіндегі рөлін анықтап, тартымдылығы мен қызықтырарлық мансаптық перспективаларын арттыруға кәсібилендірудің ықпалы зор болады.

## Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1 Мемлекет басшысы отандық бизнес өкілдерімен кездесті // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-otandyk-biznes-okilderimen-kezdesti-2102142>. Жүгінген күні: 14.03.2022 ж.

2 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000434>. Жүгінген күні: 14.04.2022 ж.

3 Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі: Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000095>. Жүгінген күні: 30.03.2022 ж.

4 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012590>. Жүгінген күні: 15.04.2022 ж.

5 Н. Димитри, Г. Пига, Дж. Спаньоло. Руководство по закупкам: учебное пособие / пер. с англ. М.М. Форже, Е.В. Хилинской; под ред. И. В. Кузнецова. – Нац. исслед. ун-т «Высшая школа экономики». – М.: Изд. дом Высшей школы экономики, 2013. – 695 с.

6 N. Dimitri, G. Piga and G. Spagnolo. Handbook of Procurement // Cambridge University Press. – 2006.

7 К.В. Кузнецов. Прокьюремент: тендеры, конкурсы, конкурентные закупки. – СПб.: Питер, 2005. – 227 с.

8 В. Малочко, Е. Береснев, В. Житковский. Государственные закупки: принципы, законодательные нормы и институциональные схемы // International Training Centre of the ILO, 2003. – URL: [http://www.pgzeao.ru/files/download/100121956/gos\\_zakup.pdf](http://www.pgzeao.ru/files/download/100121956/gos_zakup.pdf). Жүгінген күні: 15.08.2021 ж.

9 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымы // Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми сайты. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/about/structure/1/1?lang=kk>. Жүгінген күні: 15.01.2022 ж.

10 О.Б. Ломакина. Риск-менеджмент при проведении государственных закупок // International Training Centre of the ILO, 2003. – URL: [http://www.zakupki.economykbr.ru/files/download/100121973/risk\\_menedjment.pdf](http://www.zakupki.economykbr.ru/files/download/100121973/risk_menedjment.pdf). Жүгінген күні: 15.03.2021 ж.

11 И.А. Султанов. Угрозы кадровых рисков // Projectimo.ru. – URL: <http://projectimo.ru/upravlenie-riskami/kadrovye-riski.html>. Жүгінген күні: 20.12.2021 ж.

12 Т.А. Пантелеева. Систематизация кадровых рисков в контексте их влияния на экономическую безопасность хозяйствующих субъектов // Вестник Евразийской науки, 2018. – №4 – 9 с.

13 Н.С. Маслова, И.В. Кузнецова. Оценка рисков как институт управления обеспечением государственных нужд // XII Международная научная конференция по проблемам развития экономики и общества. – Книга 1. – М.: НИУ ВШЭ, 2012. – С. 482-490

14 К.И. Головщинский, А.Т. Шамрин. Основные направления создания и развития комплексной федеральной контрактной системы в Российской Федерации "Государственное и муниципальное управление" // Высшая школа экономики, 2011. – 60 с. – URL: [http://www.hse.ru/data/2013/03/20/1292380162/WP8-2011-02\\_f.pdf](http://www.hse.ru/data/2013/03/20/1292380162/WP8-2011-02_f.pdf). Жүгінген күні: 20.12.2021 ж.

15 Л.В. Коношко, А.Ю. Сураева. Зарубежный опыт организации государственных закупок // Сборник материалов IV международной научно-практической конференции «Экономика и управление: проблемы, тенденции, перспективы развития», 2016. – С. 27-30.

16 Public Procurement in Higher Education // SOFT SKILLS VCON. – URL: <https://www.nigp.org/home/your-learning-journey/education/higher-educationprocurement>. Жүгінген күні: 08.09.2021 ж.

17 Coursework // The Institute for Public Procurement. – URL: <https://www.nigp.org/home/your-learning-journey/education/take-a-course>. Жүгінген күні: 10.10.2021 ж.

18 Coursecatalogue // National Institute of Governmental Purchasing. – URL: <https://nsite.nigp.org/coursecatalog/course-catalog>. Жүгінген күні: 10.10.2021 ж.

19 В.А. Цибилов. О зарубежном опыте подготовки специалистов по государственным закупкам на примере США, Великобритании и Китая // Государственное и муниципальное управление. – УПРАВЛЕНИЕ Т. 7, 2019. – № 4 – С. 16-23.

20 Э.Р. Мубаракшина. Зарубежный опыт организации государственных закупок // Вестник науки и образования. Часть 1, 2018. – № 16(52) С. 69-73.

21 Ф.З. Семенова, М.Б. Борлакова, Л.С. Боташева. Зарубежный опыт организации государственных закупок // Фундаментальные исследования, 2016. – № 6 (часть 2). – С. 465-469.

22 Public Procurement Training Courses // findcourses.co.uk. – URL: <https://www.findcourses.co.uk/search/public-procurement-training-courses>. Жүгінген күні: 21.10.2021 ж.

23 Postgraduate Diploma in Public Procurement Regulation in the EU and in its Global Context // Informaconnect. – URL: [http://www.courses.knect365-learning.com/event/eu-public-procurement-regulation-postgraduate-diploma-distance-learning-course-fromkings-college-london-kcl?utm\\_source=findcourses&utm\\_medium=referral&utm\\_content=listing](http://www.courses.knect365-learning.com/event/eu-public-procurement-regulation-postgraduate-diploma-distance-learning-course-fromkings-college-london-kcl?utm_source=findcourses&utm_medium=referral&utm_content=listing). Жүгінген күні: 25.10.2021 ж.

24 Procurement training // The United Nations Development Programme. – URL: <https://www.undp.org/content/undp/en/home/procurement/procurement-training.html>. Жүгінген күні: 30.10.2021 ж.

25 Navigating China's Public Procurement Market: Background, Challenges, and Best Practices // The US-China Business Council. – URL: <https://www.uschina.org/sites/default/files/government-procurement.pdf>. Жүгінген күні: 30.05.2021 ж.

26. The public procurement sector conducted a training course on “The latest application of the procurement law” // SOHU.com. – URL: [http://www.sohu.com/a/204890198\\_646767](http://www.sohu.com/a/204890198_646767). Жүгінген күні: 10.11.2021 ж.

27. Чанчжоу: 2018 жылғы мемлекеттік сатып алуларды шолу бойынша сарапшылар тренингін өткізді // Ұлттық қоғамдық ресурстарды саудалау платформасы – URL: [http://www.ggzy.gov.cn/info/localns/2019-01/25/content\\_45f292f782f24139b1783689823bf8da.shtml](http://www.ggzy.gov.cn/info/localns/2019-01/25/content_45f292f782f24139b1783689823bf8da.shtml). Жүгінген күні: 10.11.2021 ж.

28. Notice of the start of the online training “Lecture hall for bidding and procurement” // Public bidding service platform in China. – URL: <http://www.cebpubservice.com/monitorindustry/monitorplat/2017/12/9600.shtml>. Жүгінген күні: 10.06.2021 ж.

29. The department of public procurement held a seminar “Management and practice of public procurement” // Chinawuliu.com. – URL: <http://www.chinawuliu.com.cn/office/50/498/14074.html>. Жүгінген күні: 17.07.2021ж.

30 OECD. Государственные закупки в Казахстане: Реформирование системы в целях повышения эффективности // OECD Publishing. – Париж – 2019. URL: <https://www.oecd-ilibrary.org/governance/8c22ccf8-ru>.

31 Оценка систем государственных закупок Республики Казахстан и Акционерного общества «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» // Методология оценки систем закупок. – URL: <https://www.mapsinitiative.org/assessments/Kazakhstan-MAPS-Final%20Report-2020-Rus.pdf>. Жүгінген күні: 17.02.2021ж.

32 «Мемлекеттік сатып алу саласында өз қызметін жүзеге асыратын жұмыскерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидалары бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 697 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012667>. Жүгінген күні: 17.12.2021ж.

33 Нормативтік-құқықтық база // «Электрондық қаржы орталығы» АҚ ресми сайты. – URL: <https://ecc.kz/ru/company/regulatory>. Жүгінген күні: 10.12.2021ж.

34 Кәсіби даму институты // Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының ресми сайты. – URL: <https://www.apa.kz/qajta-dayarlau-kurstary-2/>. Жүгінген күні: 07.04.2022ж.



35 Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің 2019 жылғы қызметінің қорытындысы // Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің ресми сайты. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kvga/press/article/details/11150?lang=kk>. Жүгінген күні: 10.04.2022ж.

36 Мемлекеттік сатып алуды жүргізу туралы хабарландыру // Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алу веб-порталы. – URL: <https://satypalu.gov.kz/kz/search/announce>. Жүгінген күні: 15.04.2022ж.

37 По словам Sholpan Aitenova, это говорит о том, что важно включать общественный контроль, в том числе со стороны СМИ // Официальный сайт Общественного Фонда «Zertteu Reserch Institute». – URL: <http://zertteu.org/wp-content/uploads/2019/06/4NEW.pdf>. Жүгінген күні: 15.02.2022ж.

38 Бюджетті оңтайландыру, «көлеңкелі» экономика деңгейін төмендету және мемлекеттік сатып алуды жетілдіру // Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы. – URL: <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/optimizaciya-byudzheta-snizhenie-urovnyatenevoy-ekonomiki-i-sovershenstvovanie-goszakupok-ministr-finansov-otchitalsyapered-naseleniem-1553932>. Жүгінген күні: 01.02.2022ж.